



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 21 НАУРЫЗ, 2024 ЖЫЛ №33 (23 355)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Мермет, Түркінің төл мейрамы! Наурыз

Құрметті жерлестер!

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамы құтты болсын!

Бұл көнеден келе жатқан айтулы мереке халқымыздың бірлігі мен ынтымағының айнымас белгісіндей. Наурыз – жыл басы, жаңару мезгілі.

Сонымен қатар, бәрімізді бірлік пен ынтымаққа, ауызбірлік пен тұрақтылыққа жетелейтін жаймауақ көктем мерекесі. Ұлыстың ұлы күні ата-бабадан мұраға қалған тарихы терең, мән-маңызы жоғары салт-дәстүрлерге толы мейрам. Самарқанның көк тасы жібін, күн мен түн теңеліп, жер аяғы кеңіп, ізгілік пен жасампаздық рухы төрімізде салтанат құратын аяулы шақ.

Наурыз – жүрек қуанышы мен жақсы жаңалықтарды бөлісетін, рухыңды тасытатын мейрам. Арқаңды қоздыратын ат бәйгесін, тартысқа толы көкпар ойынын, білекті балуандар күресі мен жүректі мергендердің нысана көздеуін, епті жастардың асық атып, аузымен құс тістеген от ауызды, орақ тілді айтыскер ақындардың түйдек-түйдек сөз сайысын тамашалап, керемет бір күй кешетін мезгіл. Батағөй ақсақалдар жас буынға ақ батасын беріп, ел-мен жұртқа, төрт түлікке амандық тілейтін кезі. Ел арасында бұл күні Қыдыр ата әр үйге кіріп, өзімен бірге береке мен молшылық әкеледі деген сенім бар.

Осынау сиқырлы сәттерге толы жарқын мерекеді Сіздерге шын жүректен зор денсаулық, мол жақсылық пен таусылмас бақыт тілейміз.

Қазақстанымыз өркендеп, дами берсін!

Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі
Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының төрағасы



Коллажды жасаған М.Эйнекова

Сән әлемінде Ұлттық стиль

Ұлттық киім күніне арналған «NAURYZ-FASHION» фестивалінде талғампаз көпшіліктің назарына қазақы нақыш кіріктірілген эксклюзивті топтамалар ұсынылды. Заманауи киіммен ұлттық стильді байланыстырған қарағандылық сәнгерлер көрерменнің қошеметіне бөленді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Киім үлгілерінен отандық дизайнерлердің өзіндік идеяларын нәзік жеткізгенін аңғаруға болады. Сахнаның сәнін келтірген сүйкімді қыздар мен жігіттер ерекше тігілген шапан үлгілерін киіп, подиум бойымен ырғақты жүріп, көздің жауын алды. Қазақы нақыштағы ою-өрнек пен гүл комбинациялары бар киімдер фестивалді дәстүрлі көрсетілімдерден ерекшеленді.

Фестивальде белгілі қарағандылық «Ұлжан» сән үйі, «Atelier gulnur_studiya» тігін студиясы, балаларға арналған заманауи «KORKEM brand» тігін үйі, «SaLIYA» арт студиясы өнер көрсетті. Көпшілік сондай-ақ, «Dyudream» ательесі, «Qushaqt» бренді, «Samga» ұлттық киімдер ательесі, «Asiya boutique atelier» тігін шеберханасы және «Nuramy» компаниясы мен «Eve Art» брендінің өнімдерін тамашалады.

Ұлттық киімдердің ерекше топтамасын ұсынған сәнгерлер елдің мәдени мұрасын көрсететін бірегей этникалық киім жасауды мақсат тұтқанын тіле тиек етті.

– Ұлттық киім фестивалі – көктемнің жарқын бейнесін көрсететін шара. Мемлекет басшысы Наурыз мейрамын тойлаудың маңыздылығын ерекше атап өтті. Осы орайда салт-дәстүрді дәріптеп, ата-бабаларымыздың киім үлгісін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу қажет, – деді «Апап» партиясы облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков.



Фестивальде Қазақстан Республикасы және Еуразия дизайнерлер одағының төрағасы Құдияр Холменов және Nurasem сән үйінің директоры Венера Исина сәнгерлер қиялынан туған үлгілерге баға берді. Дизайнерлерге дипломдар, естелік мүсіншелер және 100 000 теңгенің ақшалай сертификаттарын табыстады.

– «NAURYZ-FASHION» фестивалі ұлттық рухты көтерді. Әртүрлі топтамаларға тамсана отырып, үлкен әсер алдық. Қазақстандықтардың Наурыз мейрамы күндері ғана емес, әрқашан ұлттық киім киіп жүргенін қалаймын. Сұлулықты насихаттауды жалғастыра берейік, – деді облыстың мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмакенов.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

Жаңа жыл келді, жаңа күн келді!

Наурыздың артибуты – тек қана ұлттық киім, киіз үй және ішіп-жем емес. Әуелде олай болмаған және болмақ та емес. Оның психологиялық һәм философиялық мәні бар. Ол тым-тым тереңде. Бір күнмен өлшеп, бірер сағаттық шарамен шектеп тастап, ашық күнде адасқан тағы өзіміз. Енді еске алып, етек-жеңді жыпы жатқан жайымыз бар. Әлбетте, «ештен кеш жақсы». Жоғымызды түгендейтін күн әлдеқашан туса да, соған желке жар бермеген құлықсыздық ұлттық құндылықтың қас жауы екенін аңғартып та, аңдатып та үлгертіп айтуыра уақыт. Содан өзге елдер секілді отыз күн болмаса да, онкүндік Наурызнама көкірек көздегі шелді ысырып, көңілдегі кірбінді сейілтуге кірісті. Рас, Наурыз туралы күні бүгінге дейін аз айтылған жоқ. Кем жазылған жоқ. Әйтсе де, әлі де сіз бен бізге беймәлім сырлары бары хақ. Соның бірі – 22 наурыз күнінің нөл градуста экваторға тура тіке түсетін жалғыз күн екендігі...

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Табиғаттың тылсымы, әлде Құдайдың құдіреті дейміз бе? Күн мен түн жыл он екі айда екі рет теңеледі. Оның бірі – осы 21 наурыздан 22-сіне қараған түн, екіншісі қыркүйектің 22-інен 23-іне ауған шақ. Бір ғажабы – 22 наурыздағы теңелуде күннің ауытқуы 0°-қа тең. Мұны аспан денелерін зерттеушілер айтады. Бұл туралы әлемге айтылған National Geographic қоғамы да атап отыр. Яғни, Күн жарықтық экваторға тікелей түсетін жалғыз күн осы – 22 наурыз екен. Одан соң күн солтүстікте, я оңтүстікке қарай жылжиды. Ғажап құбылыс. Ендеше бұл 0° градус нені меңзейді?

Әркімге уақыт деген патша өлшеп берген мерзім бар. Қысқа әлде ұзақ? Ол тағы бізге беймәлім. Бірақ соның мәнді-мәнсіздігі адамның әрекетінде. Ал мына жаңа күн әр адамға жана қадам, жаңа қаракет қылуға меңзейді. Төрт құбыласын түгендеп, тазарып, рухани жаңаруды еске салады.

Адамзаттың қауашағынан қағаз-қалам деген дүние тумай тұрғанда-ақ бабаларымыз жаңару мен тазарудың басы осы наурыз екенін болжапты. Математикадағы сан әлемі нөлден басталады. Адамның да ғұмыры сол нөлден бастау алады. Күн – нөлде. Демек, табиғаттың өзі де жаңарады. Тіршілік атаулының көбіне жан кіреді. Жаңа бір ғұмыры басталады. Келте түссе де. Фольклортанушы Берік Жүсіповтің балпақ туралы айтқаны соның бір айғағы. Еске түскенде, таң қалмасқа қоймайды.

Зерттеушінің айтуынша, 13 наурызда балпақ ұйқысынан шырт оянып, үрім-бұтағымен інінен шығып, інін тазалайды екен. Содан соң қыстан аман шыққанына болар сіре, бір-бірімен адамша көрісетін көрінеді.

«Бір қызығы, әлгі мақұлық жыл он екі ай тіршілігінің тоғыз айға жуығын жер астында, қалың ұйқының құшағында өткізеді. Құм шығарған шілде айының ішінде әуелгі жазғы ұйқыға кеткеннен күздік, қыстық ұйқысын қандырып, қыс күрмелер күні, яғни 13 наурызда бір-ақ оянады. Соған қарағанда жыл мез-

гілінің ауысуына байланысты табиғатта болып жататын ерекше өзгерістерді бірінші осы тышқан тұқымы сезетін болса керек. Қысқы ұйқыдан алдымен еркегі, сосын ұрғашысы, сонынан барып балпанактары тұрады. Сөйтіп, сол күні табиғаттың қандай мінез танытып тұрғанына қарамастан, қыстай жатқан індерінің аузын, ішін толайым тазалап алып, бір-бірімен кісі сияқты көріседі. Егер күн райы жылы болса, сол сәттен бастап тіршілігін жалғастырады. Ал ауаның әлі де болса қытымыр екенін байқаса, балпақ қалыпты әдетімен күн жылынғанша қайтадан көз шырымын алуға кіріседі» деп жазған-ды зерттеуші. Құдайдың құдіреті. Көз алдыңызға жүректі лүп еткізер көрініс келеді. Жан, жүректі елжіретіп қоя береді.

Осы арада қазақтың «жер аяғы кеңісін», «өлмегенге шықты жаз» дейтін тұрақты тіркесі ойға оралады. Байырғы бабаларымыз да көктемнен көп үміт күткен екен. Көп затты көктемге тірепті. Ұлыстың ұлы күнін күтіпті асыға.

Содан да, көшпенділер көкжиектен көтерілген жаңа күнді көруге ұмтылған. Онысы – жаңа жылға, жаңа күнге үміт артқаны болар. Қыс күрмелгенде, көктемде көгеріп, жазда жадырап, күзде соның жемісін жиярына сенімділігі шығар. Сол сенім, сол үміт бүгінге жеткізді. Соның баяны бұйырыпты бұл күнгі ұрпаққа. Демек, Сіз де жаңарыңыз! Тазарыңыз! Үмітіңізге үкі тағыңыз! Ертеңіңіздің баянды болуы үшін.

Жаңа жыл келді!
Жаңа күн келеді!
Күніңізді бұлт шалмасын!
Ұлыс оң болсын!



• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Қарғында қапы қалмас үшін

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен облыстың Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Мұрат Қатпанов жақында жұмыс сапарымен Қарқаралы ауданында болды. Сапар барысында облыс басшысы бастаған топ бірқатар ауылдық округтерді аралап, көктемгі су тасқынына әзірлік жұмыстарымен танысты.



Облыс басшысы су тасқыны болу ықтималдығы басым саналатын Ынтылы, Утар, Қаршығалы, Тегісілдік және Н.Әбдіров ауылдық округтеріндегі су өткізгіш құбырлардың, көпірлер мен су бөгеттерінің жағдайын көрді.

Аудан әкімі Әділжан Аргынов және округтердегі жергілікті ауыл әкімдері биыл түскен қардың деңгейі, жер тоңының қалыңдығы, жер жағдайы мен табиғи ерекшеліктері, жалпы дайындық шаралары бойынша ақпарат берді.

Қарқаралы ауданында барлығы 62 елді мекен болса, қарғын кезінде соның он төртін су басу қаупі бар. Оларда жалпы саны 220 үй бар, 871 адам тұрады. Осы елді мекендердің бәрінде

құбыр тазартылды. Нұра өзенінің Ынтылы ауылдық округінің аумағындағы арнасы былтырғы жылдың күз айында тазаланып, кеңейтілген болатын. Әрбір ауылдық округтегі шаруашылық нысандарымен су тасқыны орын алған жағдайда қолда бар техниканы жұмылдыру бойынша меморандумдар жасалды.

Аудан аумағында орналасқан бес гидротехникалық бөгет тиісті тексеруден өткізіліп, ақаулы тұстарына жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Сонымен қатар, аудан басшылығы қосымша 10 мың дана кап, 20 тонна жанар-жағармай, 2 мың тонна инерттік материал қорын әзірлеп қойған.

Жалпы, қазіргі уақытта аудан көлеміндегі бір мың екі жүз шақырым автомобиль жолдарындағы 597 су өткізу құбыры мен арықтар тегіс тазартылып, көпірлер тұрақты бақылауға алынған.

Аймақ басшысы көктемгі су тасқынына дайындық жұмыстарын пысықтап, әкімдер мен жауапты органдарға ауа райының құбылуын үнемі бақылауда ұстауды, кез келген төтенше жағдайға әзір болуды тапсырды.

де көктемгі су тасқынының алдын алу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. Инерттік материалдар қоры, құрал-жабдықтар мен мотопомпалар әзірленді, 30 тонна жанар-жағармай бөлініп, 5 мың дана кап алынды, су өткізетін 37

құбыр тазартылды.

Нұра өзенінің Ынтылы ауылдық округінің аумағындағы арнасы былтырғы жылдың күз айында тазаланып, кеңейтілген болатын. Әрбір ауылдық округтегі шаруашылық нысандарымен су тасқыны орын алған жағдайда қолда бар техниканы жұмылдыру бойынша меморандумдар жасалды.

Аудан аумағында орналасқан бес гидротехникалық бөгет тиісті тексеруден өткізіліп, ақаулы тұстарына жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Сонымен қатар, аудан басшылығы қосымша 10 мың дана кап, 20 тонна жанар-жағармай, 2 мың тонна инерттік материал қорын әзірлеп қойған.

Жалпы, қазіргі уақытта аудан көлеміндегі бір мың екі жүз шақырым автомобиль жолдарындағы 597 су өткізу құбыры мен арықтар тегіс тазартылып, көпірлер тұрақты бақылауға алынған.

Аймақ басшысы көктемгі су тасқынына дайындық жұмыстарын пысықтап, әкімдер мен жауапты органдарға ауа райының құбылуын үнемі бақылауда ұстауды, кез келген төтенше жағдайға әзір болуды тапсырды.

Болатбек ӘШМҰЛЫ
Қарқаралы ауданы
Сурет автордан

Президент ұстанымы: келешекке карт-бланш

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау төріндегі Ұлттық Құрылтайда жалпыұлттық мәселелерге төтенше қозғалды. Тәу етер Тәуелсіздігіміз қайтып баянды болмақ? Атамекеніміздің ұлан-ғайыр атырабын қалай гүлдендіре аламыз? Бірлігіміз бекем, ынтымағымыз ымыралы болсын десек, қандай қарекет қылмақ керек? Әділет салтанат құратын қайырымды қоғамда ғана мана біз айтқан ұлық мүдде мінберіне көтерілмек.



ше толқытты.

– Кітапқұмарлық – жақсы қасиет. Мысалы, көптеген мемлекет Ұлттық кітап күнін атап өтеді. Бөріхан Нұрмұхамедов, Айдос Сарым, Данияр Әшімбаев бастаған Құрылтай мүшелері осындай бастама көтерді. Мен олардың Ұлттық кітап күнін белгілеу туралы ұсынысын қолдаймын. Бірақ, оны мазмұнды етіп өткізу қажет. Мысалы, түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, арнайы жәрмеңкелер өткізу қажет. Шын мәнінде, озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан, кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек, – деп қадап айтты Мемлекет басшысы.

Президент Құрылтайда сөйлеген сөзінде «Біздің алдымызда үш айрық жол тұр: құлдырау, тоқырау немесе өрлеу. Біз әрдайым өрлеуді тандаймыз», – деді. Бұл ұстаным елдің еңсесін көтеріп қана қоймай, көкжиегінде менмұндалап тұрған күнін көркем ету үшін бағытталған ишара сөз.

Қоғам сұлбасын мүсіндейтін – адамның өзі. Сондықтан, әр азаматымыздың тұла бойында ертеңгі күнге деген мызғымас сенім мен серпіліс оянуы керектігі – айдан көркем, күннен жарық ақиқат. Осы Ұлттық Құрылтайда Мемлекет басшысы әр адамның көкірегіне мықтап шөгерткі мәні терең ұстаным легін ұсынды. Қос қолымызға келешектің карт-бланшын ұстатты десек те жарасады. Енді біз осы нәрлі ойларды әрмен қарай жаратып-тарататын қайрат тапсақ дейміз.

Мәселен, археология саласына қатысты зерттеулер жүргізілуіне тұлға болып қалыпқа енді. Ғам озық ойдың жетегіне ере алмай қалды. Мәселе ме? Мәселе! Қала тұрмақ әр ауылдың іргесін кітапханаға, әр қойшының қойны-қонышын кітап пен газетке сықа толтыру арқылы мәдениетімізді өркендетеміз! Демімізді де, елімізді де түзейміз! Бұл Ұлттық Құрылтайда көтерілген жайттардың бір парасы ғана. Сондықтан, әлем көшіне ілесе аларлық кергелі жұрт боламыз десек, осы қауалған дүниелерден оң нәтиже шығару қажет деп ойлаймыз!

Веб-кеңістікке ықтияр болған бүгінгі жасөспірімдердің кескін-келбетін бәріміз көріп жүрміз. Телефонға шұқшиямыз деп балаларымыз пікір айтудың шебері болмай қалды. Бұл – кәдімгідей, шынымен, ұлт болып ойланатын түйткіл. Алақандай экранға телміреміз деп перзенттеріміздің омыртқасы қисайды. Тілі сақау қалыпқа енді. Ғам озық ойдың жетегіне ере алмай қалды. Мәселе ме? Мәселе! Қала тұрмақ әр ауылдың іргесін кітапханаға, әр қойшының қойны-қонышын кітап пен газетке сықа толтыру арқылы мәдениетімізді өркендетеміз! Демімізді де, елімізді де түзейміз! Бұл Ұлттық Құрылтайда көтерілген жайттардың бір парасы ғана. Сондықтан, әлем көшіне ілесе аларлық кергелі жұрт боламыз десек, осы қауалған дүниелерден оң нәтиже шығару қажет деп ойлаймыз!

Ержан НУРМАҒАНБЕТОВ,
Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры

Ел игілігіне ерекше жоба

«Наурызнама» онкүндігі аясында Достық үйінде «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» жобасын іске асыру бойынша семинар өтті. Жоба Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесі мүшелерінің бастамасымен әзірленгенін айту керек. Ол отбасылық құндылықтар мен ұлттық дәстүрлерді сақтауға, сондай-ақ өскелең ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған.

Шараға Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі, Қазақстан халқы Ассамблеясының Аналар кеңесінің төрағасы Нәзипа Шанай келді.

Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің қызметі талқыланып, одан әрі жұмыс істеу бойынша ұсыныстар берілді. Шарада Нәзипа Шанай, Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесі төрағасының орынбасары Баян Ахатай және Қазақстан Республикасы Жазушылар одағының мүшесі Ка-

мал Альпенсоева спикер ретінде баяндама жасады.

Олардың айтуынша, жобаның мақсаты – қоғамда әйел мен баланың мәртебесін арттыру, отбасылық институт құндылықтарын арттыру болып есептеледі. Жастар мен болашақ халықтың рухани және патриоттық тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі айқындалды. Семинар барысында ҚХА Аналар кеңесінің одан әрі жұмысының негізгі бағыттары талқыланды. Оған қатысушылар Аналар кеңесінің алдында тұрған бірқатар міндеттерді іске асыру жолдары туралы сұрақтар қойып, оларға толық жа-



уаптар мен ұсыныстар берілді.

Нәзипа Ыдырысқызы жұмыс сапарының аясында Қарағанды қаласындағы отбасын қолдау орталығында және Қарағанды облыстық полиция департаменті жанындағы отбасына көмек көрсетудің бірыңғай орталығының жұмысымен танысты. Ол өңірде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бойынша пилоттық жоба шеңберінде ашылған болатын.

Өз тілшімізден

Әлеуметтің әлеуеті артады

«Барлық деңгейдегі әкімдер жыл бойы халықпен кездесулер өткізсін, олардың барысында халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерге баса назар аударатын, Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағдарының негізгі бағыттары туралы хабарлар етсін және проблемалық мәселелерді шешудің жолдары мен мерзімдерін түсіндірсін», – деген еді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев әкімдердің халықпен кездесулері туралы жарлығында. Соған байланысты Шахтинск қаласының әкімі Мұрат Қыдырғанбеков Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен брифинг өткізді. Ол мұнда Шахтинск қаласы мен оның аумағына кіретін Шахан, Долинка, Жаңа Долинка, Северо-Западный кенттерінің 2023 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындыларын баяндап, биылға белгіленген жоспарларымен таныстырды.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұрат Есетұлы бірінші кезекте аймақ экономикасындағы өзгерістер мен қол жеткен көрсеткіштерге тоқталды. Атап айтқанда, есепті мерзімде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 20 миллиард 361,5 миллион теңге болып, негізгі капиталға салынған инвестициялардың мөлшері 2022 жылға қарағанда 59,7 пайыз өсіп, 36 миллиард 810,6 миллион теңгеге жеткен.

Ауыл шаруашылығында да жалпы өнімнің көлемі 6 миллиард 062,2 миллион теңгені құлап, оның алдындағы жылмен салыстырғанда 1,7 пайызға артқан.

Бөлшек тауар айналымының көлемі де 21,1 пайыз өсімімен орындалып, 18 миллиард 008,2 миллион теңгеге айналса, құрылыс жұмыстарының көлемі 15 миллиард 359,4 миллион теңгеге немесе 105,9 пайызға атқарылыпты. Яғни, өткен жылы 5 мың 468 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, енді ағымдағы жылы Шахтинскінің Карл Маркс көшесіндегі 60 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысын аяқтау міндеті тұр. Пәтер кезегінде тұрғандарды баспанамен қамтамасыз ету үшін Шахан кентінің 14-ықшамауданындағы №3, №4 үйлердің бос

тұрған кіреберісі мен 21-ықшамауданының №3 үйін қалпына келтіру жоспарланған екен.

Шағын және орта бизнесті дамыту барысында 2023 жылы 41 кәсіпкер 348,1 миллион теңгенің қаржылай көмегін алса, 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті қолдаудың Ұлттық жобасы шеңберінде 12 жобаға 327,5 миллион теңгесінің қолдауы көрсетіліп, 17 жас кәсіпкерге қала әкімінің гранты берілген Ал, мемлекеттің қолдауынсыз аймақта 19,4 миллион теңгеге дейін сомаға ашылған шағын және орта бизнестің 17 нысанында 17 жаңа жұмыс орны құрылған. Осылардың шығарған өнімінің көлемі 2023 жылдың 1 қазанына дейін 15 миллиард 945 миллион теңгені төңіректен, жұмыс істеп тұрған нысандардың саны 9,3 пайызға өскен екен.

Жалпы, қала экономикасын дамытуға бағытталған шаралар жеке табыстың жоспарын 14,7 пайызға асыра орындауға мүмкіндік берді.

Бұдан әрі қала әкімі әлеуметтік салада байқалған оң динамиқаны сөз етті. Мәселен, 3-6 жас аралығындағы бүлдіршіндер қала бойынша балабақшамен 100 пайыз қамтылса, «Капуста» жекеменшік балабақшасы 1-3 жастағы 25 сәбділі қабылдап, ағымдағы жылы 50 орындық «Болашақ» жекемен-

шік балабақшасы ашылыпты.

Өткен жылы білім беру нысандарын күрделі және ағымдағы жөндеу толық аяқталып, қаладағы барлық 12 мектеп үшін спорттық жабдықтар, оқулықтар мен цифрлық электрондық платформалар сатып алынған.

Денсаулық саласында Шахан кентінің денсаулық орталығының

сәуір хирургия, реанимация, операциядан кейінгі науқастарды оңалту бөлімшелерін ашу жоспарда бар.

Аймақта жұмыссыз 1 510 адам мен жұмысқа орналасу мәселесі бойынша жүргізілген азаматтардың 71 пайызына жәрдем көрсетілген.

Қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз

Құнанбаев, Жеңістің 40 жылдығы мен Карл Маркс көшелерінің автожолдары орта жөндеу көріп, «Снегурочка» бөбекжайы мен №6 мектепке барар жолдар да жөндеді. Ағымдағы жылы қала жолдарының 6,6 километрі немесе 9,7 пайыз орта жөндеуден өткізілмек. Соған қосымша №5 мектеп-гимназия мен №9 мек-



Реформа – өміршең өзгерістер

насы орнатылған. 31-орамда көпбейінді спорт корты қойылып, балалардың 4 ойын алаңы реттеліп, 4 футбол алаңы жаңғыртылып, қаланың екі көшесіне жүргінші жолдары төселген.

Биыл 1-орамда футбол алаңы бар балалардың ойын алаңын ретке келтіріп, 4-орамда 345 жарық тіреулерін қою, 3 мың шаршы метрдей жүргінші жолдарын реттеу, 3 футбол алаңын ағымдағы жөндеу, Жеңістің 40 жылдығы көшесіндегі гүлзарды абаттандыру жоспарға енгізілген.

Мұрат Қыдырғанбеков өткен жылы қала аумағына кіретін 4 кентте де осындай жұмыстар атқарылғанын тілге тиек етіп, ол биыл да жалғасатынын айтты.

Сонымен бірге, ол аймақта қысқы жылыту маусымының қалыпты жағдайда өтіп келе жатқаны мен Жылу-энергия орталығында жасалған жөндеу жұмыстарын да атап өтіп, 2023 жылы қаладағы су өткізгіш тораптарды жөндеудің екінші кезегі аяқталып, 43,9 километр тораптар төселіп, 475 құдық орнатылғанын мәлім етті. Енді, оның үшінші кезегі қолға алынып, ол жүзеге асқанға тораптар тозуын 43 пайызға дейін азайтуға болады екен.

Осы биыл Жаңа Долинка кентінде су өткізгіш тораптар төсеу, Шахан кентінде көріз тазалау құрылысын салу, Шахтинскіде көріз коллекторын салудың жобалық-сметалық құжаттамасы даярланғанын да Баян қылды ол.

Брифинг соңында Мұрат Қыдырғанбеков журналистер қойған көптеген сұрақтарға жауап берді.



ғимаратына ағымдағы жөндеу жасалып, Шахтинск қалалық емханасына өз қаржысы есебінен медициналық жабдық сатып алынып, енді биыл қалалық ауруханаға күрделі жөндеу жүргізілмек. Сол сияқты стационарлық қызмет орталығының ғимаратына жөндеу үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, оны қаржыландыруға өтінім облыстық денсаулық сақтау басқармасына жіберілді. Ғимаратта күрделі жөндеу біткен

етуде 2023 жылы бопсалау, бұзақылық, интернет алаяқтығы бойынша тіркелген қылмыстар азайған. Биыл қаладағы бейнебақылау камераларының санын 252-ге дейін көбейту көзделуде.

Өткен жылы қала ішіндегі 13 километрдей жол жөнделіп, соның ішінде, су өткізгіш тораптар жаңғыртылған соң 1-орамның жолдары орта жөндеуден өткен. Бұдан бөлек, 25-орамда осындай жұмыстар атқарылған. Абай

тепке, «Еркетай» балабақшасына кіреберіс жолдар асфальтталып, көлік қозғалымын оңайлатуға ұйымдастырылған.

Авто және аула жолдарын жамал-жасқау да жоспарланған отыр. Қазіргі көктемгі су тасқыны қаупі бар кезеңде қала мен кенттерде оның алдын алу шаралары қабылданауда.

Абаттандыру тұрғысында қаланың 4 көшесінде жарық желілері қалпына келтіріліп, 40 жарық баға-

Өзбекәлі ЖӘНІБЕКОВ «Нар тәуекел!»

(үзінді)

...Тұрмыс салтының аса қарапайымдылығынан қазақ өзіне тән ұтқыр ойды, білуге деген құштарлықты табиғаттан алған. Кезінде компас дегеннің не екенін білмеген, сағатпен пайдаланып көрмеген халық ай мен күнге, әлем шырақтарының жылжысына қарай айналасын бағдарлап, тәуліктің нақтылы мезгілін анықтай білген. Ол осыдан кем дегенде үш мың жыл бұрын құрастырылған, он екі жылдық мүшелге негізделген Шығыс календарымен пайдаланып, аптаның әр күніне, әр айға өз атауын беріп, жыл мезгіліне, даланың табиғи-климаттық құбылыстарына болжам жасай білген.

Қазақ егістікке дән себуді күн мен түннің көктемгі теңесер тұсында – наурыздың 21-нен 22-не қарағанда, ежелден келе жатқан есеп бойынша киіз үйдің шаңырағынан оның ортасына күн түскенде, найзағай күркіреп, ағаш бүршік атып, көктің қаулап көтерілетін шағында бастаған. Салтанатты сәтті қарсы алар түні жұрт «ақ пен астық, жауын-шашын мол болсын» деген тілекпен үйдегі барлық ыдыс-аяқты сүтке, айранға, шұбатқа, дөңге, бұлақ суына толтырып қоятын болған. Наурыз күні адамдардың бәрі көңілді күйде біріне-бірі «төс тақастырып» игі тілектерін білдіретін, пәле-жаладан аулақ болуды тілесетін.

Наурызда бүкіл ел болып, таң шапағатын қарсы алатын. Таң сәріден ерлер жағы арқыты, тескенді, бұлақ көздерін аршитын, қарттар «Артыңда мал қалғанша тал қалсын!», «Бір ағаш кессең,

оның ек!» деген леппен ағаш отырғызатын.

Түске қарай ауыл маңындағы алдын ала белгіленген жерде «Бел көтерер» үшін өгіз сойылатын. Өйткені өгіз ең төзімді әрі күшті мал деп есептелген. Өгіз етінен пісірілген «Бел көтерер» наурыз көжемен бірге берілсе, адамға ерекше күш-қуат әкеледі делінген.

Бұдан соң «Айқыш-үйқыш» басталатын. Жастар, егде тартқандар, қарттар белгілі бір қашықтықта жынысына қарай топ-топ болып жайғасатын. Бастаушының әзіл-қалжынымен, сықақ олаңмен шақыруынан соң біріне-бірі қарама-қарсы жүгіріп, ортаға шыққан еркек пен әйел немесе қыз бен жігіт, тіптен, кемпір мен шал төс тақастырады да, әйел еркектер жағына, еркек әйелдер тобына қосылатын.

Ойын жиналғандардың бәрі бір-бірімен «төс тақастырып» болғанша жүргізіле беретін болған. Ал, «Аударыспақ» кезінде ат үстіндегі екі жігіт бірін-бірі аударып түсіруге тиіс болған. Егер оның біреуі қарсыласын атына теріс отырғызып үлгерсе, жеңілген жігіт жұрттың күлкі-қалжыңына көміліп, өз тобына қайтып оралатын.

Наурыз мейрамы әдетте ақындар айтысынсыз, спорт бәсекесінсіз, алтыбақансыз өтпеген. Ақындар қақтығысында олардың әрқайсысы жақсы мен жаманның, инабаттылық пен зұлымдықтың, имандылық пен эззілдіктің, жаңа жыл мен өткен жылдың кейпіне кіре айтысатын.

Өзбекәлі Жәнібеков... Қазақтың маңдайына біткен санаулы тау тұлғалардың бірі. Кеңестік дәуірде тұмшаланған саналы салтымыз бен дәріпті дәстүрімізді тірілтіп, өшкенімізді жандырған, жоғалғанымызды бар қылған қоғам қайраткері. 1988 жылы Қазақстан алғаш рет Наурыз мерекесін ресми атап өтті. Түрлі естеліктерге қарағанда, бұрын тыйым салынған мерекені қалпына келтіру жөніндегі қоғамдық бастамаларды алғаш рет Қазақстан компартиясы орталық комитетінің сол уақтағы хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков қолдаған. Пайымын пәс көрмей, халқымыздың хақын қорғаған арысымыздың кезекті шығармасының үзіндісін назарыңызға көлденең тартқанды құп көрдік...

РЕДАКЦИЯДАН

Қыз-жігітті күреске шақырып, оның алдына «Егер жеңсем, жүрегімнің әміріне бағынасың, ал егер жеңілсем, сенің айтқаныңнан шықпаймын», – деп шарт қоятын сәттер де болатын. Наурыздың кейде үйлену тойына

«Алтыбақан» маңындағы тамаша кезек тиетін. Өйткені бұл өткен жыл кетіп, жаңа жыл кіретін сәт деп есептелген.

Совет өкіметі тұсында жаңа дәстүрлердің жанкүйерсімақта-ры болған кейбір басшы-бел-

тиісті орындар арқылы тыйым салғызған. Тіптен, наурыз кезінде мешітке оған арнап намаз оқылмайтыны да олардың қарперіне кірмеген.

Наурыз дәстүрінің өзі қазақ даласына мұсылман дінінен жүз-



Коллекция ақысаған А. Родықов

айналып кете беретіні де міне, осыдан. «Қызықшылықтың соны тойға ұлассын!» – деген игі тілек те осылай туған. Айттыс, қазақша күрес, тағы басқа қызықшылық ымырт жабыла аяқталатын да,

сенділердің іс-қарекетінен осынау тамаша халықтық мейрам ұмытылып кете жаздаған.

Кейбіреулер Наурыз мейрамын дінмен байланыстырып, оған тікелей қарсы күрес жүргізіп,

деген жылдар бұрын орныққан дәстүр екені де ескерілмеген.

Міне, осы жайларды ескере отырып, көпшіліктің қалауымен 1926 жылдан бергі ұзақ үзілістен кейін 1988 жылы Алматы

облысы мен Алматы қаласында Наурыз мейрамы өткізілді. Жамбыл ауданындағы мерекке ақпан айына ілесе келетін Наурызды қарсы алу көрінісінен басталды. Наурызды қошеметтеушілер қатарында қазақ дастандары мен халық ертегілерінің кейіпкерлері Алдар көсе, Жиренше мен Қарашаш, Мыстан кемпір, Қара дәу, Қанбақ шал мен Тазша бала жүрді. Осылардың қатысуымен өткен қызықты ойындардан кейін аудан жерін мекендейтін 36 ұлттың өкілдері өздерінің ән салып, би билеудегі, колонеріндегі, ұлттық тағам әзірлеудегі шеберліктерін ортаға салды. Спорт сайыстарына, әсіресе ат жарысына деген жұртшылық ықыласында шек болған жоқ. «Наурыз» қалашығында көпшілік қолды бұйымдар саудасы ұйымдас-тырылып, оның орталық алаңында еңбек озаттарына, көпбалалы әулеттерге, көп жасаған көнекөз қарттарға сый-құрмет көрсетілді.

Сөйтіп, Наурыз мейрамы шын мәнінде Көктемнің, Еңбек пен Жаңарудың мерекесіне айналып, дәл осы сәтте өзге бір түске еніп, көктемгі күннің шуағымен нұрланған даланың көркімен астасып кеткендей болды. Мұндай мереке жыл сайын көктемгі егіс жұмыстары басталса бұрын арнайы өткізіліп тұратын болып ұйғарылды. Наурыз мейрамына дайындық кезінде әр адам өз қора-қосысын реттеп, үйін ақтаса, ауласына гүл егіп, ағаш отырғызса, көшелерді, ауыл-селоларды, қалаларды көріктендіруге атсалысса, қандай жарасымды десеңізші...

«Жаңа күннің» жақсылығы

Наурыз парсы сөзі, қазақша мағынасы «Жаңа күн» дегенді білдіреді. Наурыздың 22-сі жыл басы – жаңа жыл, күн мен түннің теңесетін уақыты. Сондықтан да Наурыз тойын Ұлыстың ұлы күні деп атаған.



Сурет ашық дереккөзінен

«Ұлыс» деген сөз мемлекет, ел деген мағынаны білдіреді. Жер беті бусанып, қардың еріп, көктің шыға бастайтын бұл уақытты «Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер» шағы деп текке айтпаған. Мал төлдеп, қыстан қиналып шыққан халықтың аузы аққа тиіп, бір жасап қалады.

Наурыз күнін жұрт бар жақсыларын киіп, үлкен қуанышпен қарсы алған. Бір-біріне өкпелі адамдар барлық реніштерін ұмытып, құшақтасып, төс қағысып, көрісетін болған. Бір-біріне жақсы, игі тілектер айтып, ақ ниетпен бата беріскен. Тіпті, осы наурыз күні Орта Азия билеушілері зындандағы тұтқындарына да бостандық берген деседі. «Самарқанның көк тасы да жібиді» деген сөз содан қалса керек.

Наурыз күні жеті түрлі тағам қосылған наурызкөже дайындалады. Әр үйдің дастарқаны бұл күні наурызкөжемен бірге ұлттық тағамдарға толады. Ойын-сауық ұйымдастырылып, түрлі мерекелік шаралар өткізіледі.

Қазақстан КСРО құрамында болған кезде Наурыз мейрамын тойлауға тыйым салынған. Еліміз тәуелсіздік алғаннан соң ғана бұл мерекені тойлауға қол жеткіздік. Ұлыстың ұлы күні кейінгі жылда-

ры бұқаралық сипатта аталып өтіп жүр. 20-шы жылдың аяғына дейін тойланып келген Ұлыстың ұлы күні сол кездегі қытымыр саясат салдарынан тұншықтырылды. Шүкір, үш-төрт ұрпақ көрмеген бұл тойды қайтадан қатарға қостық. Күн мен түн теңелген қасиетті күн – қазақ халқының исламға бойұсынған кезге дейін тойланған мерекесі екенін көпшілік хабардар. Бұрынғы наурыз қалай тойланған? Ел-жұрт мерекеге дайындалған тағамнан ауыз тимес бұрын өліге Құран оқып, бата берген екен. Сонымен бірге осы мерекеге аузы дуалы ақсақалдар ұрпаққа үлгі-өнеге айтуға таптырмайтын шақ болыпты. Жастар көже ішіп қана қоймай Егітін тарих тыңдап, батырлар ерлігіне қанығып, көсемдердің даналығына тәнті болып, рухани да байып қалған.

Келе жатқан жаңа жыл құтты болсын, Ұлыс оң болып, ақ мол болсын дегіміз келеді. Әр шаңыраққа Қыдыр дарып, бақ қонысы! Наурыз құтты болсын!

**Гүлзина СМАҒҰЛОВА,
Жақып Ақбаев атындағы мектептің тарих пәні мұғалімі**

ҚАРАҒАНДЫ

Өзегіне өнеге тұнған

Наурызды мерекелеу дәстүрлерін сақтау мен болашақ ұрпаққа жеткізудің маңыздылығы туралы бір сөз.

Наурыз – өте көнеден келе жатқан мейрам. Наурыз бұған дейін мыңдаған жыл бұрын шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтетін болған. Мәселен, күн мен түннің көктемде теңесер шағын бирмалықтар «Су мейрамы», тәжіктер «Гүл гардон», хорезмдіктер «Наусарджи», татарлар «Нардуган», буряттар «Сагаан сара», соғдылықтар «Наусары» деп түрліше атаған. Абай: «... Ол күнде Наурыз бір жазғытұрым мейрамы болып, наурызанама қыламыз деп той-тамаша қылады екен. Сол күнін «Ұлыстың ұлы күні» дейді» – деп жазады. Яғни, Ұлыстың ұлы күні дегені – Елдің, Қағанаттың, Хандықтың, Мемлекеттің ең ұлы күні деген сөз. Наурыз шығыс елдері үшін – бірліктің, татулықтың, еңбектің, көктемнің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі болып саналады. Бұл күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар сондай жақсы өнегеден үлгі алады. Қазақ халқы да жыл басы мерекесін айрықша бағалап, оны жыл сайын тойлап отыруды әдетке айналдырған.

Шығыстық данышпандар М.Қашқари, Ә.Райхан Бируни, Ә.Фирдауси, Ә.Науай, О.Хаямнан бастап, қазақтың Абай, Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, С.Сейфуллин, С.Мұқа-

сәйкес келеді. Шәкәрім бұл процесті айқын ашып көрсетеді: «Наурыз – парсы тілі: Жаңа күн деген сөз. Мұны қазақтар Бұқар, тәшкендік қожалардан үйренген. Ескі қазақта (ескі түрікте) Жаңа жыл күннің аты – Ұлыс».

Халықта бұл күнге лайық салт-дәстүрлер де бар. «Қазақ халқының діннен кейінгі күшті құралы – салты мен дәстүрлері» (Ә.Бөкейханов). Халықтың атадан балаға көшіп, жалғасып және дамып отыратын тарихи-әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, әдет-ғұрып, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Дәстүр – ел өмірімен біте қайнасып кеткен рухани құндылықтар. Осы құндылықтардан ұлттық рух қалыптасады. Ұлттық рух – өткініш әдеттерге бағынбайды. Ұлттық рух ұғымы діл (менталитет) деп те аталады.

Қызыр түнін ұйықтамай өткеру үшін ауыл бойжеткендері өздері ұнатқан жігіттерге арнап соғымның соңғы етін уызға салып пісіріп, «ұйқышар» аталатын ерекше дәм дайындайды. Ал, жігіттер мен бозбалалар болса, қыздардың қолақасының қарымтасына айна, тарақ, иіссудан тұратын «селт еткізер», «дір еткізер» сыйлықтарын ұсынады. Бұл дәстүрлі сыйлықтағы айна – пәктік пен жастықтың, тарақ – әдемілік пен сұлулықтың, иісу – құлпырудың, жайнай берудің белгісі.

Ұлыстың ұлы күніндегі ең киелі рәсім – көкжиектен шапақ шашып шашырай шығып келе жатқан күнді қарсы алу дәстүрі. Мұн-



қосып пісіру арқылы дайындайды. Мұның сыртында дастарқанға жамбас, бас, қазы, қарта, шұжық сияқты соғымның арнайы іріккен көделі тағамдар да қойылады. Көктемгі төл тоғінің айғағындай болып туырылған уыздың жөні бір бөлек. Тілек айта келгендер әр үйдің тағамынан сарқыт алып, оны өз үйіндегі тағамға қосады. Мұнысы – «Жаңа жылда осылай араласып, тату-тәтті өмір сүре берейік» деген тілеуі. Осыған байланысты Ұлыс күні амандасудың, бата-тілек айтудың мына сияқты үлгісі қалыптасқан:

Осы жылда басың аман болып,
Малың көбейсін.
Егінің бітік шығып,
Молшылық болсын!
Жастар бұл күні үлкендерден бата алуға тырысады. Мұндай батаны «Ұыз бата» деп дәріптейді. (А.Сейдімбек).

Ұлыс күні хан мен құл, бай мен кедей, еркек пен әйел, үлкен мен кіші, ата мен күйеу, ене мен келін, т.б. сияқты әлеуметтік топтар өзара әзіл жарастырып, ниет ортақтастырып, әркім өзін шын мәнінде уақыт пен кеңістік аясындағы ұлы құбылыстың бір бөлшегіндей сезінеді.

Көптеген халықтардың салт-дәстүріне айналған Наурыз тойының қалыптасуына Табиғат пен қоғамның, Ел мен Елдің, Адам мен Адамның арақатынасындағы тепе-теңдік заңын бұзбайтын, таланттардың қайнар көздерінің ашылуына мүмкіндік туғызатын және әрбір жеке адамның ар-ұятының тазалығын сақтайтын ұлы өнегелер мұрындық болған. Сондықтан да, енді егеменді ел болғанда, Ұлыстың ұлы күнінің халық жадынан ұмытылған сырлары мен қырларын қайта жаңғырту – бүгінгі күннің талабы.

**Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ,
тарихшы**

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Наурыз

Тұранның тұрағындай тұғырлы алан

Иә, сөйдеп тақырып тауып, айдар тағатындай жөніміз бар. Өйткені, кенішті қаладан небәрі 10 шақырым жерде тұтқен ТҰРАН-ЕЛ QAZAQ SPORT ұлттық спорт және саятшылық орталығы мейманына есігін айқара ашты.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған спорт кешені ұлттық сана мен құндылықтарды, бай салт-дәстүрге барынша икемделген. ТҰРАН-ЕЛ ат спорты орталығының алаңында таңғажайып табиғат аясында сәйгүлікті ертеп, серуендей аласыз. Таңғы және кешкі астан ауыз тиіп, дәм тата аласыз. Саятшылық құрып, Сарыарқаның сайын даласының қадір-қасиетіне көз қанықтыра алатындай кең мүмкіндік қарастырылған. Бір қарағанда кемпинг қалыбында салынған орталықтың ішіне бас сұққаныңызда заманбап қалыпқа келгендей әсерде қаларыңыз рас. Барынша минимализм немесе ұлт иісі аңқып тұрған «қызыл жайың жүгіндей» көркем бөлмелер бөлені де жарастыратын тәтті де тылсым аура сыйлайды. Қазақы нақыштағы әбзел мен бұйымға толы төр көздің жауын алады. Қабырғаға ілінген қазақтың үкілі домбырасы шабыт шақырады.

– Задында, Ұлттық спорт орталығы дегеніміз – бұл жай ғана дене шынықтыратын құралға ықпал толы ғимарат кешені ғана емес. Бұл адамның шыңыраудағы арманы шынықпаса шеңберінен әрі осы саладағы бас таланттар мен болашақ чемпиондарға тұғыр беріп, ғұмыр қосатын қасиетті де қастерлі орын. Атамекеніміздің тап жүрегінде орналасқан осы қазыналы орталық спорттық бірегей жетістіктер мен биік белестерге қанаттандыратын нәмі бөлек нышан. Мұнымен қоса, аттың жалын тартып мінген қарапайым қарақөздеріміз дем алатын, өзге ұлт өкілдері мейман болып қазақы болмысымызбен етене танысатын жер, – деп ағынан жарылды спорт нысанының негізін қалаушы, бел-

гілі кәсіпкер, меценат, «Natige» ЖШС директоры Ерлан Өшім.

Ордалы орталық аумағына келгенімізде көзімізге бірден құйрық жалы таралған сәйгүліктер көрінді. Ақалтеке, Қазақы, таза қанды, су төгілмес жорға, көкпар, бәйге аттардың 40 шақтысы қос жанарымыздың жауын алды. Қызығушылығы қыз-қыз қайнаған жасөспірімдер қарасы әсіре көп. Иә, жаһандану дәуірі ұлт пен ұлыс тұрмақ, тұтас өркениеттердің



өзінің орнын алмайды алма кезек ауыстырып жатқан тұста қазақты қайтадан атқа отырғызу әсте оңай болмаса керек-ті. Қырға қырағы қарап, сөзін зерлі еткен зерделі ел бүгінде осындай оңды орындары арқылы мүмкіндігін молайтып,

қазақы қалыбын сақтауға һарекет етуде. Ат үстінде атой салған көшпенді елдің ұланы тақымын тәсірлі етіп, қолына қыран қондыруды үйренеді бұл жерде. Алаштан келе жатқан алтын арқаудың өзегін жалғайды. Атка ұлттық киім – аяққа саптама етік, үстіне шапан, басына бөрік киіп мінеді.


– Енді бұл бертінде ғана жаңадан ашылған ақшағаладай көркем жер қанында қырдың жыты бар ұланды үздіктіре кететіні сөзсіз. Ақер әлемді ақпарат билеп тұрған кезеңде елге кеңінен насихат жұмысын қауырт бастап кеттік. Бізге алдымен жас жеткіншектердің келгені де маңызды. Аптаның әр

бағыттағы компания өкілдері де күніне 100 шақты турист әкеліп жатады. Сантүрлі форматтағы тимбилдинг ұйымдастырылады. Ұлттық құндылықтың қадір-қасиетін арттырып, салт-дәстүрімізді дәріптеу – басты мақсат, – дейді орталықтың SMM, маркетинг, туризм саласын ілгерілету жөніндегі маманы Мирас Төлеуғай.

Әрмен қарай өте бергенімізде оқушылардың демалыс кезіне лайықталып жаракталған арнаулы жасөспірімдер лагері аумағына тап болды. Лагердің мұраты демалысқа шыққан 9-15 жас аралығындағы шәкірт атаулысының денін жазып, еңбекке баулыту. Шаһардың маңында ауылдың атмосферасын тұла бойға сіндіру. Мұнда бала біткен сәйгүліктің құйрық жалын тарайды. Дәріс алады. Қыс мезгілінде қар күрейді. Әсіресе, қаланың қағилез ұл-қыздары үшін бұл қәдімгідей «Эврика» болып тұр. Атты бірден тізгіндей алмағаны алдымен есекке мініп үйренеді. Әбзел мен ер-тұрман жарағын қос қолымен ұстап көреді. Тамырымен танысады. Ет мүшелуе, қазы тілу, төрт таспадан бастап қамшы мен бишік, жүген, тізгін-шылбыр өруге жаттығады. Лагердің уақыты – бір жұма.

– Өткен айда «Жорық» деген турға 20 шақты жасөспірім шықтық. Кемі 25 шақырымдық саятшылық құрып бой жаздық. Бір қызықтысы, аңға шығу тәртібінде қолға мылтық алынбайды, темір көлікке аяқ артпаймыз. Ат сайлап, тазы ерттік. Сонайдан қылаңытқан аң атаулысына құс жіберіп, тазы салдық. Ілсе құс іледі, шалса тазы шалады. Заң жүзінде лицензия бар. Ал, бізден құтылған аңның қу жаны – өзіне олжа. Тиіспейміз! Ініне бас сұғып үлгергеніне де қауіп пен қатер жоқ. Қазір саят мезгілі аяқталды. Жазға салым аударыспақ, көкпар, теңге ілу сынды ұлт ойындарына лайықты етіп қажетті алаңдар құрылысы жабдықталу үстінде. Бү кездің өзінде біздің қатарымызда үздік шығып жатқан, төбе көрсетіп төбелге айналып келе жатқан Наурызбай Батыр, Медеш Нұрәли сынды қанаттас қатарлас шәкірттер шығуда. Өзіміз де 15 жастан көкпар тартып, серкені жерден көтеріп жүрміз, – деп тұжырдды сөзін шәкірт көкпаршы, саятшы, орталық тұлғегі Ақбар Қарығұл.

Қош, сонымен, байырғы қазақтың шатырына кіріп, Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасы адал деп мөр қойған ұлтымыздың ет, қарынбүрме сынды маңызды дәмнен ауыз тиіп, қымызынан ұрттадық. Ат ерттеп, сайын даланың таңғажайып тылсымына көз жүгіртіп, құлақ түрдік. Қамшы ұстадық, садақтан сәйкес оқ аттық. Екі тарлан бөрінің жотасын көрмесек те, атамекеніміздің көкжи-



екпен тұтасқан төбесінен құлды бір бата алғандай рәуіште қайттық бұл сапардан. Осындайда қасиетті жұртты табағынан табанына дейін қазақы нақышқа ораған елдің төбелдері мен қаймақ бетіне шығар игі-жақсыларына бір-бір

Суреттер ұйымдастырушылардан



Ат үстінде асқақтайды айбарым!

Арқада алты ай қыс. Аязы сақырлап, бораны ұлыған қатал мезгілде қазақ сауық құрмағаны, ауыл араламағаны мәлім. Жаны мен малы аман болып, төрт көз түгел көктемге ілігуді жаратқаннан тілейді. Ал, көктем жеткенде бір-бірін алты ай көрмеген ағайын сағынышпен қауышады. Көрісу үшін төңірегін жайлаған туған-туыс, дос-жарандарына барады. Табиғат жанарды деп, қыстың құрсауынан басымыз аман, бауырымыз бүтін шықты деп Ұлыстың ұлы күнін атап өтеді. Дәл осы мезгілде мынау байтақта сауық-сайранның маусымы басталады. Әсіресе, дер шағына жеткен бозбалалар мен бойжеткендердің күтетін күндері бұл. Көңіліндегі тонды сәуірдей ерітетін ән мен айтыстың жөні бір бөлек. Ал, бойында қаны тулаған, асаумен арналысқан білекті һәм жүректі жігіттер ерге қонады. Балуандар бозкілемге шығады. Бір сөзбен айтқанда, қазіргі жаһан жұрты асыға күтетін футбол маусымы секілді, ұлттық спорттың маусымы ашылады. Ата-бабадан асыл мұра болып, ғасырлар бойы халқымызбен жасасып келе жатқан ұлттық спорттымыз тек көңіл көтеріп, қиқулау үшін ғана керек емес.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Азияның қак ортасына бекіген атамекенімізге көз тікпеген жау жоқ. Төңіректің бәрі қызықты. Қызығатындай-ақ! Осы байтақ жерді көз алартқан жаудан қорғау үшін қазақ аттан түспеді. Батыр болады-ау деген баласына тұлым қойып, атқа отырғызды. Жылқымен бірге егіз етті. Кәрі құрлықтың ауыз әдебиетіндегі, мифологиясындағы жартылай адам, жартылай жылқы кентаврлар бұл едік. Көзі ашық, көкірегі ояу, әділеттілікті ту еткен жаһан оқымыстылары мұны кейінде мойындап та жүр. Кәрі тарихты ақтарсаңыз, бұған дәлел көп. «Жылқы мінез қазағым» дейтін сөзді де естіп келеміз. Кейінгі мыңжылдықта алып құрлықты ат үстінде жүріп билеп-төстедік. Ұлттық спорт деп

айдарлап қойған осы көкпар, бәйге, аударыспақ, теңге алу, жамбы ату секілді ойындарының негізгі миссиясы біреу ғана: күш-қуаты толысқан жігіттерді жауынгерлікке баулу. Бозбала асауға ауыздық тағып, мінезін, қайратын қайраған.

Мысалы, жамбы ату ойынында атпен шауып келе жатып, садақ ату керек. Жөбені нысанаға дәл тигізу – басты шарты. Осы ойын қазақтың ұлан асыр тойында ұйымдастырылған. Тойдың сәні. Осы ойын жауынгерлікті, ептілікті шыңдайтын сөзсіз. Әбден бапталған, күш-қуаты толысқан жүйріктің үстінде отырып, нысаны дәл көздеу – оңай іс емес, әлбетте. Тарихымызда жау әскерінен екі есе аз болса да, алыстан ұрыс салу тактикасымен жеңіске жеткен қолбасшыларымыз көп. Өзі көз ілеспес қылдамдықпен шауып келе жатса, бір уақытта жебені жаңбырша жаудырса, қандай қалың болса

да, арғы беттегілер үшін оңайға соқпасы анық. Қазан атымен жүйткіген сарбазды сұлатып түсіру мүмкін емес-ау. Бір қарасаң сайдан, бір қарасаң төбеден шабады. Сәті келсе, найзасымен түйреп, қылышымен қауып өтеді. Алыстан шалма

Абылай ханның немересі хан Кене!

Арқа ғана емес, Қазақстанның түпкір-түпкірінде жиі ұйымдастырылатын көкпардың да мазмұны – осы. Бүгінде дүниеге шыр етіп тізгін ұстары келсе, ауылдың мерейтойы болса және басқа



Суреттер ашық дереккөзінен

салып, дұшпанын сүйретіп те кетеді. Сүйреткені тірі қалса, «тіл» болуға да жарар. Өріге бармай-ақ, отты зеңбірегімен қазақ даласына лап берген орыс патшалығының жазалаушы әскерін жайратып салған Кенесары ханның ұрыс тактикасын есіңізге алыңыз. Қасым ханның баласы, Төле би бойынан Шыңғыс ханның отын көрген

да қызық, қуанышы болса көкпар ұйымдастыру сән. Жөн-ақ! Қазақ баласына бұдан асқан адреналин жоқ-ау сізге?! Бұлай болуы да заңды құбылыс. Өйткені, бұл қанға сінген. Ұлттық код! Қиқуды естісек, жылы төсегімізден ұшып тұратынымыз бар. Ұран мен бойынды шымырларат қиқу санамызда

жаңғырып тұр.

Жүйткіп келіп жерде жатқан серкені көтеріп алып, әрі қарай шабасың. Олжанды тақымына басып, тұлпарыңды да тізгіндейсің. Астындағы жарап тұрған атың ойынды қолыңның қимылынан-ақ ұғады. Бейне бір аяғындағы добынан айрылмай, қарсыласын алдаған футболшы дерсің. «Көкпар – Кентаврлардың футболы» деген өрелі қалжыңды естіп едік бір ақсақалдың аузынан.

Серкені тақымына басып, жан-жағын қауымалаған қарыластан сытылып бара жатқан балуанға қарап тұрып, көз алдыңызға қан-қасап майданның ішінде жаудың туына қарай жүйткіген батыр елестейді.

Аударыспақтың да, теңге алудың да, күрестің де маңызы – осындай! Күрес арқылы қоян-қолтық ұрысқа шыңдалған. Бұл күнде атқа отырып, садақ атып, найза, қылышпен отан қорғай алмайсыз. Бұның бәрі өтіп кеткен мыңжылдықта қалды. Бірақ, мәселе бес қаруда емес. Мәселенің бәрі – жүректе, мінез бен намыста. Осының бәрін қазақ қалай шындау керек екенін жақсы білген.

Биылғы Наурыз мейрамында ұлттық ойындарымызды ұлықтап жатырмыз. Заман қанша жанарса да, ұлықталуы тиіс. Қазақ баласының мінезі мен қайраты кетілмей, керісінше қайраулы болуы үшін керек.

PS: Тойшыл қазақ дегенді жәйі айтатыз-ау! Қазақ тойының осындай да функциясы бар екенін ескерген жөн.



Талғат МҰҚАНОВ,
Әзірбайжандағы Қазақстан өкілі:

Туған жер топырағына күт-береке әкелсін!

Түбі бір түркі жұрты үшін Ұлыстың ұлы күні – ортақ. Атауы түрлі болса да, оның түркілер үшін дәстүрмен сабақтастығын ешкім жоққа шығара алмайды. Тіпті, шет елде жүрген отандастар, бауырлар, қандастар Наурызды қарсы алуда жұдырықтай жұмылып, ынтымақ-ымыра танытатыны тансық емес. Қайсыбірі тағдырдың жазуымен сол жақта туып, кіндік кессе, кей қазақстандықтар қызмет бабымен шекара асты. Шет мемлекеттерде 7 миллионға жуық қандасмыз жүр. Бұл туралы Дүниежүзі қазақтар қауымдастығының жанынан құрылған қоғамдық кеңесі былтыр мәлімдеген болатын. Олар Қытай, Моңғолия, Ресей, Еуропа, Иранда шоғырланған дейді деректер. Десек те, кәрі құрлық – Еуропаның Германия, Франция, Польша, Венгрия секілді елдерінде де бауырлар баршылық. Күні кеше Парижде Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» шығармасы насихатталды. Мұндай миссияны іске асырушының бірі – Әзірбайжандағы Халықаралық түркі мәдениеті және мұрасы қорының дипломаты, Қазақстанның өкілі Талғат Мұқанов. Талғат Нәбилдәулинның айтуынша, Бакудегі әрі Париждегі бауырлар Наурызды атаусыз қалдырмайды. Наурыз мейрамы қарсаңында отандасмыздың ел мен жерге деген сағынышын, ізгі ілтипатын жеткізген сұхбаты назарларыңызда...

– Ұлыстың ұлы күні қарсаңында жат жердегі қандастардың, бауырлардың, отандастардың бұл мерекені аса бір ыждаһатпен атап өтетінін естіп те, көріп те жүрміз. Өзге елде жүргенде туған жерге, елге деген сағыныш, саздың болары тағы хақ. Әзірбайжандағы бауырлар Ұлыстың ұлы күні тағы да бас қосатын болар...

– Түркі тілдес халықтарға ортақ мейрам деп есептелетін Наурыз мейрамы – қазақ үшін орны бөлек, ерекше думан. Себебі, түпкі мағынасында қаһарлы қыстан аман-есен шығып, шуақты көктемнің келгені мензелсе, екінші жағынан 21-інен 22-сіне қараған түні күн мен түн теңеліп, Жаңа жылдың келгені тойланады.

Әрбір халықтың мейрамды тойлау кезінде өзіне тән ерекшеліктері болады. Наурыз – қазақ халқының басқа ұлттардан ерекшелігін негізгі қасиеті, қонақжайлылығын паш ететін керемет мейрамдардың бірі. Бұрынғы кездермен салыстырғанда, барлық дәстүрлер қайта жаңғырып, ойындар ойнатылып тойланба-са да, қазіргі уақытта мейрам тек ауыл-аймақ, көрші-қоланды қамтитын ғана емес, қалалық, республикалық деңгейде тойланатын думанға ұласқан. Шын мәнінде, ата-бабамыздан жеткен асыл мейрамның мақсаты – адамдарды, яғни, туыс-туғанды, дос-жекжатты біріктіретін, араласуға себеп болу, қарым-қатынас орнату күні. Сондықтан, біз Әзірбайжан елінде міндетті түрде қазақтардың басын қосып, өзге ұлттарды қонаққа шақырып, дәм татқызып, түрлі ұлттық ойын-сауықтарды қамтитын шаралар өткіземіз.

– Бұл күні бауырлар тарапынан ұлттық дәстүрдің қайсысы жаңғырады екен?

– Наурыз – дәстүрлер мен құндылықтар жаңғыратын ұлт пен ұлтты, туыс пен туғанды жақын-

дастыратын ұлттық, жалпыхалықтық мейрам ғана емес, жастарды табыстыратын шақ. Сондықтан, қазақтың дәстүріне сай салттың көбін ескеруге ұмтыламыз.

2023 жылы қазақ қауымдастығы болып, институт ұйымдастыруымен киіз үй құрылып, Каспий жағасында шаралар өткен еді. Мұндай шаралар ұдайы ұйымдастырылады. Әзірбайжанда жүрген қазақ бауырлардың «Қазақстандықтар» деген арнасы бар. Ол да өзінше бір тамаша алаң. Сол арада отандастарымызбен туындаған мәселелерді талқылап, бір-бірімізге қал-қадімімізге көмек береміз.

Енді Наурыз тойына келсек, менің өзімнің атқарып жатқан қызметім – түркі мәдениетін, мұрасын зерттеу, қорғау және насихаттау. Сол себепті, біз үшін де өте маңызды. Мәселен, біз міне, Париж қаласына келдік. ЮНЕСКО ұйымы арқылы Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегін дәріптеу – мақсатымыз. Сонымен қатар, Париждегі қазақтар Наурыз мерекесін атап өтуде. Наурыз – түркі үшін ортақ мейрам. Бұл тақырып – маған өте жақын.

– Өзіңіз Әзірбайжанға қашан табан тіредіңіз? Бакудесіңіз ғой...

– Әзірбайжанға келгеніме бір жарым жыл уақыт болды. Бакудің өзінде тұрамыз.

– Ел мен жерді, дәстүр мен ғұрыпты, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде мұндағы қандастарымызды біріктіретін қандай да бір ұйым-бірілестіктер жұмыс істей ме?

– Жоғарыда айтқанымдай, өзім – Халықаралық түркі мәдениеті және мұрасы қорында қызмет атқарып жүрмін. Қордың көздегені – жалпы түркі мұрасын зерттеу, насихаттау және қорғау. Түрлі шаралар өткізіп, жобаларға қолдау көрсетеді. Осылайша, түркі дүниесін басқа өркениетке таныту – міндет.

Тілге келсек, әзірбайжан мен қазақ тілінің төркіні өте жақын.

Наурыз



Өзім бір жылда әзірбайжан тілін меңгеріп алдым. Сөздердің шығу төркіні қазақпен бірдей. Әрине, жылдам сөйлегенде басқаша естілуі мүмкін. Бірақ зер салсаңыз, оның тамыры бір екенін аңғарасыз. Қазақстанның бағыс өлкелерінің диалектілерімен Бакудің тілі ұқсас. Мысалы, әзірбайжанда «Рақмет!» орнына «Сау бол!» дейді, бізде бағыста да «Сау бол!» дейді. Ақтау, Атырауда көңілінен шыққан затқа «қошым келеді» дейтіні бар. Мына жақта да дәл сондай мағынада айтылады.

– Жалпы, Әзірбайжан топырағында қанша қазақ түгін түтетін отыр?

– Баку қаласында тұратын қандастарымыз көп емес. Отандастарымыздың көбісі Әзірбайжан астанасынан алшақта тұрады екен. Ессесіне, Бакуде білім алып жатқан қазақстандық студенттердің саны жыл өткен сайын артып келеді.

– Осы елде «Қазақ» деген аудан және қала бары белгілі. Бұл мекеннің тарихы қазақпен байланысты деседі. Сіздің пікіріңіз...

– Иә, «Газах» деген аудан бар. Қазақтармен ұқсастық өте көп. Салт-дәстүр, тұрмыс-тіршіліктерінде етене жақындық байқалады. Мысалы, тіпті, күрт жайғанда да Жетісу өлкесіндей домалақ қып жаюының өзі де бір ұқсастық.

Қазақ ауданы – Әзірбайжанның солтүстік-батысында орналасқан әкімшілік бөлініс. Аудан Гәнжә-Қазақ жазығында орналасқан, Грузия және Армения Республикаларымен шекаралас. Түркілер көшпелі болғаны мәлім. Сол кезде де Кавказ жаққа да сапарлаған болуы керек.

– Жергілікті әзірбайжан халқы наурызды қалай атап өтеді? Олардың бізден ерекшелігі неде?

– Әзірбайжанда бұл мерекені «Новруз байрамы» деп атайды. Негізі, Наурыз мерекесіне дайындық бір ай бұрын басталады.

Наурыздың алдындағы төрт сейсенбі төрт дүлей күшке арналған. Бұл дәстүр «чершенбе ахшамы» деп аталады, ел аузында қықаша «чершенбе» делінеді. Осылайша, әр сейсенбі сайын Су, Од, Йел және Торпаг (немесе Ахыр) чершенбе (Су, От, Жел және Жер күні) атап өтіледі. Бұл элементтердің оянуы бесінші элемент – Наурыздың келуіне, Жердің қайта тірілуіне әкеледі.

Наурыздың негізгі символы – семени (өнген бидай). Ол табиғаттың оянганын білдіреді. Семени Наурыз мерекесіне дейін бірнеше апта бұрын дайындала бастайды. Ол дастарханға қойылар алдында қызыл ленталармен оралады.

Мереке аяқталғаннан соң семени тасталмайды, бидайдан тәттілер әзірленеді. Әзірбайжандықтар Наурызға арналған дастарқанды дайындауға көп көңіл бөледі. Дәстүр бойынша, әр отбасы дастарқанға «с» әрпінен басталатын жеті тағамнан дайындалатын ас қояды. Үстел үстінде сумах, сүд – сүт, сирке – сирке суы, семени – бидайдан жасалатын ботқа, сәзби – көкөніс және т.б. тұруы керек.

Дәстүрлі тамақтардан бөлек, үстел үстіне айна, майшам және боялған жұмыртқа қойылады. Аталған заттардың терең мағынасы бар. Майшам адамды жаман рухтардан қорғайтын жарық пен жалынды, айна Жаңа жылдың келуін немесе тазалықты білдіреді.

– Өзіңіздің осы елдегі өміріңізді де білу бізді қызықтырып отырғаны жасырын емес...

– Біз дипломат болған соң қай елге жіберсе, сол мемлекетте елге қызмет қыламыз. Ең бастысы – екі ел арасында татулық орнату. «Ел-дестірмек – ешіден, жауластырмақ – жаушыдан» дейді қазақ. Біздің қызмет – елдестіру. Өзім жалпы халықаралық қатынастар факультетін тамамдадым. Содан

бері 13 жыл мемлекеттік қызметтемін. Соңғы жылдары Сыртқы істер министрлігінде басқарма басшысы болып, содан кейін осы Бакуге жұмыс ұсынды. Оған қуана келістім. Қазіргі уақытта дипломатиялық миссиямды атқарып жүрмін. Бұл елде қызмет ету ыңғайлы. Себебі, бауырлас ел. Тарихымыз, дініміз, діліміз бәрі ұқсас. Жергілікті халықтың қазақстандықтарға ниеттері түзу.

Көптеген мемлекетте болдым. Қазақтарға деген пейіл оң. Оның астарында еліміздің салықалы саясаты, қазақтың кішіпейіл, қонақжайлылығы, кеңдігі, дархандығы жатыр деген ойдамын. Оған қоса, жырақта жүрген отандастарымыздың бөтен елге өздері арқылы біздің мәдениетіміз бен болмысымызды танытуда түзу көзқарас қалыптастыруы да бар.

– Туған елге Ұлы күні қарсаңында бір ауыз лебіңізді жеткізуге біз мұрындық болсақ. Ел-жұртыңызға тілегіңіз...

– Наурыз мейрамы құтты болсын! Құрметті қазақстандықтар, бауырлар!

Баршаныңды Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Наурыз – іргесі сөгілмес бірліктің берекесі, ырысы төгілмес тірліктің мерекесі. Жақсылықтың жаршысы, жаңа жылдың бастауы – Наурыз мейрамы туған жер топырағына күт-береке әкелсін!

Еліміз тыныш, туған жеріміз аман болып, әрбір жаңа күн әр отбасына шат көңіл, бақыт және береке сыйласын!

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

– Осынша тығыз жұмыс кестеніңе қарамастан уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге мың алғыс! Ұлыс оң болсын!

Сұхбаттасқан
Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Польша: Қазақстан жасай берсін!

Польшаға қоныс аударғаныма он жылдан астам уақыт өтті. Краков деген қаласында тұрып жатырмын. Польшаның әр қаласына қоныстанған қазақтар Наурыз мейрамын ескерусіз қалдырмайды. Барлық қандастар бірігіп, аса бір ауқымды шара емес, әр қала жеке-дара өткізеді. Айталық, Варшаваның қазақтары өз алдына бірігіп, Наурызды қарсы алады. Краковтың қазақтары жеке дегендей. Польшаға қазақтар соңғы он жылда көптеп келе бастады. Оның көбісі – студент Қазақстан жастары.



Биыл ораза Наурызбен тұспа-тұс келіп тұр. Сол себепті, ораза аяқталған соң сәуірде Наурызды тойлауды ұйғырып отырмыз. Пандемияға дейін бұл мерекені атап өту дәстүрлі түрде жалғасып келген еді. Пандемия кезінде сәл іркіліп қалды. Дегенмен, былтыр Польшада оқитын қазақтың балалары-студенттер мұрындық болып, саябақта ұйымдастырды. Биыл оразадан соң, сәуірдің 13-інде өткізу ойымыз бар. Идея ортаға тасталды.

«Краковтың қазақтары» деген телеграм-арнасы жұмыс істейді. Онда осындағы қазақтар тіркелген. Сол арада отандастар бір-бірімен танысып-білісіп жатады.

Польша қазақтары Ұлыстың ұлы күні Қазақстанға жарқын болашақ тілейді. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Отанымыз көркейіп, қанатын кеңге жаюына тілектеспіз! Туған жердің орнын ештеңе алмастыра алмайды. Қандай жұмақ мекен болса да, туған топыраққа жетпейді. Жүрегіңіз елжіреп тұрады. Шет жүргенде адам тілінің, елінің қадірін түсінеді екен. Қазір қазақтар ана тілімізде сөйлесіп, тек ана тілімізде ақпарат алмасуға ұмтыламыз. Тілімізді қастерлеуге ұмтыламыз. Болмысымызды жоғалтпауға тырысамыз!

Отанымыз – Қазақстан жасай берсін! Ұлыс оң болсын!

Мәдина АБЗАЛБЕКОВА,
Краков қаласының
тұрғыны

Прага: төрт түлік ақты болсын!

Шетелде жүргенде, Отанымызға деген махаббат екі еселеніп, іште ұлттық сезім пайда болады екен. Өзіміз үйренген тағамдарды, қонақжай халқымызды, дүркіретіп атап өтетін мейрамдарды сағынады екенбіз. Осындай керемет мерекемізді атап өтпеу, үлкен қате болар. Біз Чехия мемлекетінде жүріп те, Наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны жыл сайын тойлап отыруды дәстүрге айналдырамыз.

Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі. Халық таза, жаңа киімдерін киіп, бір-бірімен қол алысып, амандасып төс қағыстырып жақсы тілектер айтылады. Мерекеге арнап, наурыз көже дайындалады. Осы күні адамдар арам пиғыл, пенделілік атаулыдан тазарып, арылады. Чехиядағы бауырларымызбен бірге Ұлыстың ұлы күнін ән-күй, ұлттық ойын-сауықпен жыл сайын керемет атап өтеміз. Бір-бірімізге қонаққа барып, «Наурыз құтты болсын!», «Көктем құтты болсын!» деп тілек білдіреміз.

Жалпы, қазақтың салт-дәстүрі заманның тұманынан, көшпелі тайпалардың әдет-ғұрпынан бастау алады. Қазақтың қазір ұлттық мінезге айналған басты дәстүрлерінің бірі – қонақжайлылық. Қонақжайлылық, қазақ қоғамында басты міндет – қонақты ашық, құшақ жая қарсы алу. Қонақ – үйдегі ең маңызды және ең қалаулы адам. Біз қазақтар әрдайым жақын достарымызды, таныстарымызды қонаққа шақырып, күтеміз.

Чехия топырағында Қазақстанның Сыртқы істер министрлігінің деректері бойынша 2500-ден астам қазақстандық студент білім алып жатыр. Студенттерден бөлек, жұмыспен келгендер және ертеден осы жақта тұратын бауырларымызбен 8000-ға жуықтайды.



Кейбір деректерге сүйенсек, 1970 жылы Чехиядағы қазақ диаспорасында 1700 адам болған. Содан бастап көбейе бергенбіз. Менің ойымша Чехияда қазақтар Шыңғыс ханның

кезінде әскердің құрамында болып, кейіннен осында қалып, ең алғаш тамыр жайған. Бірақ сол кезде бізді қыпшақтар деп атайтын. Бізді мадиярлар деп те атаған кезінде.

Мен білім алып отырған Прага қаласында «Тарлан» деген жастар ұйымы бар. Чех мемлекетінің әр тұсынан жиналған қазақтардың басын қосып отыр. Бұл ұйымдағы студенттер өте ұйымшыл, мерекелерді бірге атап өтуге құштар, бірге дастарқан басында жиналып, әрдайым бір-біріне көмектесуге дайын.

Ал, жергілікті халық Наурыз мерекесіне ерекше қызығушылық танытып, қазақ халқының мәдениеті, ұлттық киімі және салт-дәстүрі туралы сұрақтарын жаудырады. Біздің мемлекетті чех халқы ерекше құрметтейді және жақсы көреді. Оларға өз мемлекетімізге деген махаббат, құрмет ерекше болып көрінеді. Менің чех достарым да бізбен осы мейрамды атап өткізгілері келіп, жоспарлап отыр.

Баршаныңды халқымыздың ең ұлы мейрамы, адам баласы мен табиғат ана қайта жаңғырып, түлейтін – өз Наурызбен шын жүрегімізбен құттықтаймын! Үйлеріңізге береке, жайлылық, жылылық тілеймін. Берекелі дастарқандарыңыз жиылысын!

Ұлыс бақты болсын,
Төрт түлік ақты болсын!
Ұлыс береке берсін,
Бәле-жала жерге енсін!
Ең бастысы – халқымыз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Айжан ҚАЛМУРЗА,
Чех Агрономиялық жоғары оқу орнының студенті

Германия: қазақ-қырғыз бір туған



Еуропаның түпкір-түпкіріндегі қазақтар Наурыз мерекесін аса бір ықаласпен күтетінін біреу білсе, біреу білмес. Қолда бар деректер шет елдегі Қазақстан елшіліктерінің дәстүрлі дәріптеуге мұрындық болатынын айтады. Дегенмен де, қарапайым қарақөздердің өздері тарапынан Ұлыстың ұлы күні ұмыт қалған кезі жоқ екен.



Германияда тұратын қазақ диаспорасы мен қырғыз диаспорасы бірігіп, сәуірдің 13-інде наурыз тойын сағат 12:00-ден түнгі сағат 1:00-ге дейін тойлауды жоспарлап отыр.

Наурыз мейрамы Германия-

ның Кассель қаласында өтеді деп күтілуде. Онда киіз үй тігіліп, ұлттық ойындар ойнатылмақ. Қымыздан басталған ұлттық тағамдар бұқара назарына ұсынылатынын айтады ұйымдастырушылар.

Жер-Ана да аңсайды қамқорлықты

Осы біз Ұлыс күні үлкен бір ұлы іс бітіруді ұмытқандаймыз. Наурыз келдінің ау бастағы баламасы ол – тазару, жанару емес пе еді? Он күндікпен атап өту жолға қойылды. Біз айтып отырған Наурызнамадағы «Тазару» ең соңғы күні, яғни 23 наурызда атап өтеледі. Бұл күні экосенбілікпен ғана шектелетінімізді ешкім жоққа қоймайды. Ертедегідей жылып барын, бұлақ көзін ашу, сай-сайға елмен бірге көшет отырғызу секілді Табиғат-анаға құрмет кем. Болса, тек нақандық сипат алды.

Қасымхан БҰРҚИТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлқисса

Біздің мұндағы айтқымыз келіп отырғаны ол – Наурызды тек ұлттық киім, ұлттық тағаммен шектемеу. Күн мен түн теңелетін бұл айда табиғаттағы барлық тіршілік иелеріне жан біте бастайды. Қыстың соңы, көктемнің басында жыл құстарынан хабар алады. Табиғаттың қайта түлеп, жаңартатын кезі. Демек, наурыздың о бастағы философиялық мәні де осында жатыр.

Қыр қызғалдаққа толып, бәй-шешек бүрін жарып, жер жібекке малынғандай құлпыра түседі. Қар көбесі сөгіліп, сай-сала гүрлідеп суға толады. Осы бір шуақты мезгілде табиғаттың да адамзат баласынан сұрауы бар...

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Бейімбет Майлин «Наурыз» өлеңін «Өмірге жаңа жолдар ашатын, Жаңа жыл – бүгінгі күн, жаздың алды» деп бастайды. Яғни, табиғатты тазарту арқылы өзіміздің де тазарып, жаңа күннің шапағы сезілгенде жаңа жолдардың ашылатынын тегін ырымдамаса керек. Көктеммен бірге біз де жаңарып, көгерді екенбіз.

Бұлақтың көзін ашу көмескіленіп барды

Қарқаралы ауданы Матақ совхозының «Ақбұлақ» бөлімшесінде өмірінің көп бөлігін өткерген Кеңес ақсақал да осыны айтып, қамығады. Жер-Анаға деген ол кездегі елдің пейілін сағынады.

– Біздің өлке «Айнала бұлақ басы тегі» малға жайлы, құтты қоныс еді. Ұлыс келді дегенді естісек болды, еркек кіндікті бұлақ басында жиналатынбыз. Ол шақта бөлімше меңгерушісімін ғой. Мойнымда міндет көп. Алақандай ауылда қырыққа тарта бұлақ үлкенді-кішілі көл атаулысын лықа толтыратын еді. Жайылымдағы мал көл табаны аса сарқылып кетпесін деген жалғыз игі ниетпен күрек-кетпенімізді алып, бұлақ көзін тазалайтынбыз. Қайнарын лай басқан бұлақ тазарған соң түбінен мөңдір су жарықтық атқақтап шыға келетінді. Сол суға өзіміз де жуынып мәре-сәре боп жататын кез әлі есімде, – дейді ақсақал.

Ақбұлақ ауылының әрменіректе Тәттімбет төбесі бар екен. Сол шоқының үстінде байыздап, шертпе күйдің күмбезі домбырасын қоңырлатқан деседі көнекөздер. Айналасы – нулы тоғай. Қазіргі «Жосаль» санаторийінің маңы. Ақсақал ол тоғайдың жайнап тұруы үшін маңайындағы



Сурет шығарушы: А. Аманжол

өзен-көлдін де арнасын тазартқандарын есіне алды.

– Балаларымыз да мұндай мұн-таздай қалыпқа көздері қаныққан. Тазалық жұмысы біткен соң, бірді-екілі қайының «терісін» бәкімен тіліп, сөлін ішкізетін едік. Ал қайырылған қабығын табаға қант араластыра қуырып, сағыз жасап беретін едік. Қызмет бабында ауылдың геологиялық жағын көп зерттейтінбіз. Экологияға қарағанда геология деген сөзді көбірек айттық. Кеңес уақытында жер асты су мөлшерін жіті бақылайтынбыз. Сондықтан, заманымызда албаты тасқын да бола қоймайтын. Әгәрәки болса, алдын алып ауыздықтайтынбыз. Міне, біздің қоршаған ортаға деген қамқорлығымыз асылы осындай еді. Қарап отырамыз, қазір тек сенбілікпен ғана шектеліп жатады. Бұрынғыдай бұлақ көзін ашу ұмытқа айналды. Көшет отырғызу деген көшелі жұрпымыз есеп үшін сияқты көрінеді маған. Оны күтіп, баптаумен айналысатын агрономдардың көмегіне неге жүгінбейді екен деген ойда қаламын, – деп тұржырды сөзін қария Кеңес Аманбаев.

Көшет отырғызу тек көрсеткіш үшін емес

Облыстағы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды рет-

теу басқармасы биыл мемлекеттік орман қорының 552,5 гектарына 1 млн. 272 мың ағаш көшет отырғызбақ. Мұның ішінде 532,5 гектарға 1 млн.183 мың қарағаш көшеті мен 20 га аумаққа 89 мың қылқанжапырақты кәдімгі қарағай көшетін егеді. Бұған бағытталатын қаржы көлемі 62 млн. теңгені құрайды. Мұны бізге Қарағанды орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мекеменің директоры Мақсат Мұқанов айтып отыр.

Кейінгі кезде әлеуметтік желіде көшет отырғызуға қатысты бағыт-бағдар көрсетіп жүрген агроном Сәкен Сәбиденұлының мұндай мәселеге келгенде айтары көп. Табиғаттың тамыршысына айналған ағамыз Қарағандыда 1 млн. 800 мың ағаш барын, оның 5 мыңы апаттық күйде тұрғанын айтады.

– Бұл Наурыз – жанарудың, тазарудың айы. Яғни, өмірдің жанаруын бейнелейтін жаппай ағаш отырғызу ұйымдастырылады. Бірақ, Қарағанды өңірінде қардың көбесі сөгілген жоқ. Дегенмен, тамыры жабық көшетті топырағымен отырғызуға болады. Ескеретін ең басты жәйт, көшеттер міндетті түрде аймаққа бейімделген, стандартқа сай болуы керек. Және оны отырғызғанда барлық технологияны сақтау



керек. Міндетті түрде мамандардың кеңесіне жүгіну қажет. Сонда ғана тамырланып өседі. Егер, бұл ескерілмесе онда бос әурешілік болады. Көшеттер тамырланбай, текке жерді қазып, топырақты бүлдіреміз. Қазып, топырағы бүлінген жер қайтадан қалпына келу үшін көп жыл қажет. Жер-Ананы босқа жараламайық, – дейді Сәкен аға Келдібаев.

Білікті агрономның ойлағаны жалқы игілік – қыруар қаржы құйып, отырғызған көшеттер жасыл желекке айналып, жайқалып өссе, қаланың шырайын ашса. Бірлес жұмыс атқарудан да қашпайды.

– Қарағандыда соңғы бір-екі жылда көп ағаш өспей қалды. Неге десеңіз, өсіп кеткен материалды әкеп отырғызған. Сосын оның күтіміне қатысты да кемшін тұстар кетіп жатады. Қатты желден сақтау үшін оны байлаудың өзіндік технологиясы бар. Жөнді байламайды. Байлауын жіптің астына резеңке орау керек. Әйтпесе, әлгі жіп ортаңғы діңі өскен сайын қалып қойып, қысып тастайды. Қазір бұл шаруа түзеліп келеді. Одан кейін дұрыстап суарылмайды. Күн ыстықта екі рет, аптасына бір рет су құюдың өзін ұмытып кетеді. Қылқанжапырақты ағашты суарғанда үстіне бүріккен онды. Өйткені, олардың инелері жұқа, аптап ыстықта жылдам қурайды. Одан кейінгі мәселе, әр түрлі зиянкестерден қорғап, дәрі-дәрмек себу керек. Ол да ұмыт қалады. Ең көп жіберілетін қателік, қураған бұтақты дұрыс кеспейді. Тұқылын қалдырады. Ол ертең шіріп, ортасынан қуыс пайда болады. Содан кейін діңіне өтеді. Ағаштар діңінен шірісе, дауылда құлайды. Кескен жерін майлы бояу, әйтпесе арнайы жағатын маймен сылау керек. Ыстықта ылғал тиіп, қуыс пайда болмау керек. Осы секілді қағидағтарды ескерсе, Қарағанды жасыл желекке айналады. Және бірігіп жұмыс істеуге әрекет езіп екенімді жеткізім келеді, – дейді агроном.

Сөздің соңы

Бұдан біздің түйген ойымыз да – біреу. Табиғат-Анаға көрсететін құрметімізді нақандық сипаттан арылтып, шынайы жанашырлықпен жұмысқа игі болар ма еді? Өйткені, Жер-Ана да қамқорлықты аңсайды.

Сурет ашық дереккөзден

Жанару мен жаңғыру

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Наурыз – жаңару мен жаңғырудың символы. Сондықтан төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өтуіміз керек. Бұл қадам қоғамды ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді айшықтап, ел бірлігін нығайта түсуге ықпал етеді деп сенемін» деген еді. Соған орай, елімізде биылғы жылы да Наурыз мейрамын жаңаша атап өтуге ерекше көңіл бөлінді.



Теміртау қаласындағы Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы қызметкерлері де Наурыз мерекесін жаңа форматта, яғни, қаламыздың жоғары оқу орны, колледж студенттері мен мектеп оқушылары арасында өткізді. Мереке бірнеше күндерге белгіленіп, ерекше тақырыпта атап өтілді. Ұсынылған мерекелік бағдарлама тақырыптары әртүрлі бағытты қамтыды. Ұлық мерекені тойлау 14 наурыз – Көрісу күнімен басталды. Наурыз мейрамы – көне дәстүр сабақтастығының белгісі саналатын, ұлттық мәдениетіміздің қайта түлеген ерекше мерекесі. Халық арасында бұл мереке ұлттық таным бойынша үйге жыл бойы молшылық пен сәттілік әкеледі деген сенім бар. Сол себепті, жыл басын ерекше қарсы алуға баса көңіл аударылды.

Бірінші күні Теміртау қаласының мектеп оқушыларымен «Шежіре күні» атты музей сабағы өтті. Ал, екінші күні «Қош келдің, өз Наурыз мейрамы!» атты тақырыппен Көрісу рәсімі ұйымдастырылды. Үшінші күні орталықтағы Наурыз тойы концерттік бағдарламаға ұласты.

Қазақстанда Наурызды тойлау дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарымен таныстыру мақсатында өткен музей сабағы аясында коллоквиуммен кездесу қарастырылып, бірнеше ауылға бөлініп, орталық қызметкерлері шеберлік сабақтар өткізді. Олар «Дәстүрлер ауылы» – Наурыз мер-

кесіндегі салт-дәстүрлер, «Шежіре ауылы» – коллоквиумдердің шеберлік сабағы, «Шымырлар ауылы» – ұлттық спорт түрлерінен сайыстар, «Наурыз-думан» – мерекелік салтанатты концерттік бағдарлама болды. Төртінші күні «Ігіліктегі іс» атты қайырымдылық шарасымен жалғасты.

Орталық қызметкерлері наурыз көже, бауырсақ пісіріп, келушілерді ерекше көңіл-күймен қарсы алды. Наурыз көженің жасалу жолын қаламыздың аналар алқасы көрсетіп, бағдар мен ұлдар өз қолдарымен әшекей бұйымдар мен торсықтың жасалу жолдарын көріп, қызығушылық танытты.

Қызметкерлерінің көмегімен азық-түлік қоржыны жиналып, қаламыздың екі отбасына тарту жасалды. Мерекелік салтанаттан кейін қаламыздың ақсақалдар алқасы баталарын беріп, келушілерге ерекше ықыластар өтті. Ал, екінші күні «Қош келдің, өз Наурыз мейрамы!» атты тақырыппен Көрісу рәсімі ұйымдастырылды. Үшінші күні орталықтағы Наурыз тойы концерттік бағдарламаға ұласты.

Ләззат ДИХАНБАЕВА, Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығының ғылыми қызметкері

Сурет автордан

Ізгі амалдар бастауы

Халқымыз «Әр елдің салты басқа» десе де, Өзбекстанның бір қиырындағы Қызылқұмда қалған қазақтар тілі мен дінінен, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан ажырап қалған емес. Кешегі қылышынан қан тамған кеңес дәуірінде де айрандай ұйып, бір-біріне деген туыстық, құда-жекжаттық қарым-қатынастары мен жалпы адамгершілік, азаматтық қадір-қасиетін жоғалтпады. Бұл сөзіміздің айғағы ретінде жыл сайын кең көлемде тойланатын Наурыз мейрамы туралы айтқым келеді. Бала кезімізден құлағымызбен естіп, көзімізбен көріп өскен бұл айдағы ізгі амалдар тазалықтан басталады. Наурыз айы туғанда үйдің іші-сырты, қора-қопсыны тазалау әрбір отбасының ешкім айтпай-ақ атқаратын шаруасы. Сосын 18-19 наурыздан «іні шығару» басталады, аналар қамыр ашытып, жеті шөлшек (жеті нан дейміз) пен бауырсақ пісіреді.

– Айналайын, мына жеті нанды суып қалмай тұрғанда таратып келе ғой, – дейді анамыз «жұмсамаққа бала жақсы» деген қағидамыз ұстанып.

Содан тайпақтау табаққа салып бергенін алып, көршілерге қарай құстай ұшамыз.

– Қабыл болсын!

– Әумин!

Бұл қалыптасқан дағды. Жеті үйде де



Сурет шығарушы: А. Аманжол

осы сөз қайталады. Содан соң кешкі шай үстінде көрші-қолаң бір-біріне кіріп, Наурыз көжені қай үйдің қашан дайындалғанын өзара келіседі. Содан 22 наурызда дейін таманмен тұрып, қазақы шапан-қамзолдарын киіп, кешке дейін бірінен соң біріне Наурыз көжеге бару басталады. Әр үйдің қазаны қайнап, дастарханы жайнап тұрады. Бала да, шаға да маз-мейрам. «Наурыз құтты болсын!», «Ақ мол бол-

сын!» деп тілектерін жаудырады. Ешкім қабақ шытпайды, керісінше, біреу-жарымы шаруалары шығып келмей қалса, «Әй, пәленкесі қайда? Ол неге көрінбейді? Сыбағасын құйып берейін» деп елден қағалды. Асын ішіп, аяғын босатып болған соң бата беріліп, Құран оқылады.

Наурыз мейрамы Өзбекстанда 21-інде тойланады, сол күні мерекелік ұлттықтау, концерттік бағдарлама, спорттық жарыс-

тар, лоторея ойындары секілді түрлі қызықтарға кезек келеді. Мен өскен шағын ауыл, совхоз орталығында көшелер арасында өзара жарыс болады. Әрбір көше тұрғындары батырлар жырынан немесе «Қыз Жібек», «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» сияқты басқа да эпостық жырлардан үзінді сахналық қойылымдар қояды. Әрине, ол үшін біраз уақыт бұрын дайындалады. Лоторея ойындарына совхоз басшылары уақ мал, кілем, жемшоп секілді ұтыстарды тігеді.

Міне, қарапайым Тамды аталған қазақы ауылда Наурыз мейрамы осылай тойланатын. Наурыз мейрамында Өзбекстанның махалла комитеттері өзара сайысқа түседі. Әр ықшам ауданда киіз үйлер тігіліп, қазан-қазан палау пісіріледі, концерттік бағдарлама, спорттық жарыстар болады. Ал, аудан әкімі құрылған комиссиямен бірге оларды аралап, көріп, соңынан жүздеп орындар мен сыйлықтар береді. Сосын орталық саябақтағы қызықты ойын-сауықтар басталады. Осылайша, Наурыз жалпыхалықтық сипат алады. Бұл күндері ауа райының қолайлылығы да маңызды рөл атқарады, күн жып-жылы, адамдар құшақ қауыштырып, амандасып, мәре-сәре болады.

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін жариялағанда бөрімізді аспанға атып

қуандық, тарихи Отанымызға ұлы көш басталды. Мен 2002 жылы ақпан айында тұғырлы мекен Теміртауға табан тіредім. Көп ұзамай Наурыз мейрамы басталды. Шынымды айтайын, алғашында алып-ұшқан көңілім су сепкендей басылғаны рас, өйткені екі-үш киіз үй тігілген, олардың есігі тарс жабық, оны тіккен әр мекеме үйдің ішіне биік үстел қойып, дастархан жайып, тек өз басшыларын құдайындай күтіп әлек. Тіпті жабық есіктің алдына енгізердей жігіттерді қойғанына куәміз. Бұл туралы кезінде қалалық «Теміртау» газетіне жаздым та. Әрине, орталыққа жиналған жұрт концерт көріп ғана қайтатын. Құдайылығын айтайын, сол кездері жыл сайын кәсіпкер Асқар Сәрсекенов деген азамат қана ардагер металлургтер мен балалар үйінің тәрбиеленушілерін өзі тіккен киіз үйге шақырып, қайырымдылық асын беретін. Содан бері жиырма жылдан аса уақыт өтті, көп нәрсе өзгерді. Өйткені, қала біраз қазақыланды, әніміз де, сеніміз де ұлттық рухымыз да асқақтады.

НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ

Ұлттық нақыш сәнге айналды

Киімнің тәуірін киіп, әшекейдің әдемісін таққан қазақ қызын көргенде көз сүйінеді. Арудың атқан таңдай ажарын ұлттық бұйым ерекшелейді. Бойжеткендер бүгінде сақина мен сырға, алқа және білезік, шекелік тағуды сәнге айналдырды. Әуел баста аталған бұйымдарға қолжетімділік аз еді. Алайда, бүгінде күмістен құйылған ұлттық бұйыммен қатар жылтырақ қолжетімді әшекей де сатылымға шықты. Қазір нарықта таза күмістен жасалған бұйым мен көшірмесі қатар сатылады. Мәселен, шекелікті жастар сәнді әрі заманауи белдемшеге орайластырып тағатынды шығарды. Әсілінде, шекелік маңдайға немесе тақияға бекітіліп тағылатын бұйым еді. Ұлттық бұйым төңірегінде зергерлердің де айтары көп.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Серік Елубаев және ұлттық бұйым

Қарағандылық зергер Серік Елубаев ұлттық нақыштағы көркемдік бұйымдарды бойжеткендер тапсырысына сай тек таза күмістен жасайды. Наурызнаманың «Қайырымдылық күнінде» облыстық бейнелеу өнері мұражайында Серік шебердің бұйымдарын тамашалауға мүмкіндік туды.

Білезіктің жасалуына қарай алтын, күміс, құйма, сағат, топсалы, бұрама, қос білезік деген түрлері де бар. Қазіргі таңда қымбат тастардан көз орнатылған білезіктер де жиі кездеседі. Тұтынушыға сатып тұрған бұйымныңыздың таза немесе жалатылған күмісі бар екенін ескерткен жөн. Бұл саудагер мен сатып алушы арасындағы байланысты одан әрі нығайтуға сеп, – дейді Серік Елубаев.

Зергердің айтуынша, қазіргі таңда сәнге айналған әшекейдің басым көпшілігі күмістен жасалып, қымбатқа бағаланады. Өйткені, таза күмістің құны ежелден қымбат. Мәселен, таза күмістен құйылған білезік бағасы – 70 000 теңге болса, сақина – 30 000 теңгеге бағаланып мүмкін. Сондықтан, күмістің құнын білетін адам оның пайдасын да ескеруі тиіс.

Тапсырыс берушілер тарапынан «бұйымның бағасы неге қымбат?» деген пікір болуы заңды. Бұл орайда оның ежелден жеткен пайдасын алға тартқан жөн. Мәселен, адамдар ағзасында зиянды 1500 түрлі бактерия болса, соның 650 түрін осы күміс өлтіреді екен. Оған қоса, қазақ күмісті жиі қолдану арқылы аурудың бетін қайтарған. Мойынға тағылған алқадағы немесе шыдыр шүмекке тағылған жүзік қан қысымын түсіретініне сенген. Сұқ саусаққа тағылса, ішектің жұмысын жақсартатынын анықтаған. Тіптен, әлі күнге халық арасында аспен ауқаттану үшін әйелдің қолында міндетті түрде күмістен сақина болуы керек дейтін әжелер бар. Ауыл арасында дәстүрлі наным-сенімге сай күмісті гигиеналық қызметте де қадеге жаратамындар кездеседі. Үйдің үлкендері келіншекке нәрестені шомылдырар алдында, тазалықты алға тартып, «қолыңа күмістен сақина тақ» деп ескертпін отыратынын байқаймыз.

«Саудаласу – сүннет» дегенмен...

Зергерлер жәрмеңкесінде күміс бұйымды тамашалап жүріп, көпшіліктің зергерлік бұйым сапасын ескермей, арзан бұйымға ұмтылатынын байқадық. Оған қоса, алтын-күміс сатып жатқан адамдарды қадағалайтын мекеме жоқтың қасы. Зергерлік бұйымдар нарығында реттілік сақталмаған.

«Шебердің қолы – көпке ортақ» дейміз. Алайда, шебердің еңбегін бағалайтындыр аз. Саудаласу жағуна келгенде жиі мәселе туындайды. «Саудаласу – сүннет» дегенмен, қазақ ешқашан шебермен саудаласпаған. Соны ескеру қажет. Қазақ зергерлері өз ұсталығын атадан балаға мұра етіп қалдырды. Тісінше әйелдер әшекей бұйымдары, киімге тағатын әрі тазалыққа қажетті бұйымдары және киіз үйдің ағаш қаңқасы, жиһаздар, саз аспаптары, қару-жарақтар, ат әбзелдерінің бекітпелерін де зергерлер жасады. Ежелден жеткен ұлы мұраны насихаттаушы болғандықтан, ұлттық өнерге айналған дүниесін арзанға бағалау – еңбекті жоққа шығарумен тең, – дейді Серік Елубаев. Еліміздегі kz.trud.com сайтының мәліметін-



Наурыз-тілек

Құтты болсын жыл басы – Наурыз тойы, Арқаның бусанды ғой қыр мен ойы. Жер-Ана ақ көрпесін сілкіп тастар, Мұндайда сергиді ғой адам бойы.

Сағынған көптен бері келді көктем, Өткен жылға жамағат жоқ па оқпен? Көп жақсылық, кемшілік күәсі едік, Ақталар адал еңбек, терең төккен.

Тыныштық боп, ел мен жер аман болсын, Қыдыр дарып, әр үйге бақыт қонсын! Мерекелі-берекелі аман болып, Әр үйдің дастарқаны аққа толсын!

Аман болсын жас ұрпақ жастарымыз, Адал болып жақсы өмірге бастарымыз. Игілігін жер байлықтың халық көріп, Жоқ болсын, көре алмаған қастарымыз.

Көк байрақ аспан көкте желбіресін, Жұрт жүрегі қуаныштан елжіресін. Өн ұран жер мен көкті араласын, Елімізге еш жамандық жоламасын!

Қарағанды, сен екінші Астанам, Шаршап жүрсем, жайлы қоныс баспанам. Гүлдене бер, жайқала бер, көркейіп, Жырға қосам, әнге қосам, тастаман.

Әлі ТІЛЕМІС, тыл ардагері

ше, қазіргі таңда зергер жалақысы 182 793 теңгені құрайды. Бұл оның өз мамандығынан бөлек, қосымша табыс көзі бар екенін есептемегенде жүргізілген зерттеу нәтижесі.

Қарағандыда көне бұйымды жаңаға сай жасайтын зергерім бар. Анамың көзіңдей болған, Жібек жолы бойындағы сауда керу-

енімен байланысты аз-кем тарихы бар сақинаны қайта жаңғырттым. Зергер жұмысын 150 000 теңгеге бағалады. Тамаша еңбегіне разы болдым. Аманатқа қиянат жасамай, бұйымды ұрпақтан ұрпаққа жеткізуім керек. Қаржы бірде бар, бірде жоқ дүние ғой, ал көне бұйым құрметтелуі тиіс, – дейді ақтоғайлық Құлзина әжей.

Әжей айтқандай, кей сәтте көне бұйым ғасырлар қойнауында жатқан ұлы тарихты қозғайды. Жібек жолымен жүріп өткен саяхатшылардың арқасында еуропа елдері шығыстың мәдениетімен танысқаны тарихтан белгілі.

Өтірік оюлар көбейді

Зергердің айтуынша, әлемдік мәдениеттің бәсіне жол ашатын тарихи зергерлік бұйымды тұтынушылар қазақ тұрмысының көшпелі салтын білуі тиіс. Бұйымдағы оюлар тарихы сан түрлі болатынына мән берген жөн. Оған қоса, әшекей бұйымдарды тағудың өзіндік қазақы тәрбиелік мәні, маңызы бар. Оны ескермейтін кез келген жан зергер болуға ұмтылғыш.

Жүзікке белгілі ою салу керек болса, тұтынушы сұранысына сай жасай салатын зергерлер бар. Қазақ оюын оқи білген дұрыс. Көпшілік тек қошқармүйізді біледі. Оны қалай болса солай қолданатындар көп. Ер адамдікін әйелге, кебежеде тұратын оюды киімге салудан қорқу керек. Бұл тұтас ұлттың тарихын бұрмалауы мүмкін, – дейді зергер әрі тігінші Айнагүл Серікқызы.

Тарихи дереккөздері ертеректе 4-5 жастағы қыз бала білезік, құлағына сырға, камзолына жиектік күміс күймалар таққанын алға тартады. Қыздардың әшекейі пішіні жағынан кіші болуымен, нәзіктігімен ерекшеленген. Қыз-келіншектер жүзік, сақина, құстұмсық жүзік, отау жүзік, білезік, жұмыр білезік, сырға, шекелік, шашқап, шолпы, шашбаумен жүрген. Қыз бала тұрмысқа шыққаннан кейін жасына қарай әшекейі аз нақыштарға ауысқан. Осылайша әйелдің әшекейі жасын, әлеуметтік тобын, қай аймақтан екендігін ажыратуға мүмкіндік берген. Егер әйел адам ауқатты отбасынан шыкса, бағалы таспен көмкеріліп, алтынмен апталған әшекейі таққан.

Сол сияқты шолпы мен шашбаудың көпшілік ескермейтін құпиясы бар. Қазақ салт-дәстүрі тарихында шолпы таққан қыздың мойны құрықтай болып өседі деген түсінік бар. Кейде шашбау теңгелері салмағының 3 кг-ға дейін жетуі, қыз бала, бойын тік ұстап, дене бітіміне көңіл бөлсін деген сенімге ұласқан.

Бүгінде облыстық бейнелеу өнері музейінің қорында ХХ ғасырға тән шекелік бұйым жәдігер ретінде сақталып тұрғанын көпшілік ескермейді. Музей қызметкерлерінің мәліметінше, шекеліктің сыры – үзбелі салпыншақтар сылдыры жын-шайтанды үркітті отырады деген нанымға негізделген. Шығыс пен Орта Азия халықтары секілді қазақтар да бұйымдарға тоқталғанда арадікті осы тұжырымға сенім артады екен. Сондай-ақ, маңдай сүйегінің киелі маңызын қазақтың «шекеге шақыру» дәстүрімен байланыстырып, «шекектің» мағынасын осылай ашады.

Қазіргі таңда самалық әшекейге айналған шекелік – қолжетімді дүние. Дизайнерлер шекелікті белбеуге жапсырмапал тігіп, нарыққа ұсынуға. Біздің ойымызша, шекелік тек маңдайға жарқырауы тиіс. Бізде шекеліктің орташа құны 5 000 теңгеге бағаланады. Егер ол этно үлгідегі жинақ болса, бағасы екі есеге артады, – деді әлеуметтік желідегі assyltas.kz паракшасының өкілдері.

Бұған дейін зергерлік нақыштар тек Наурыз келгенде насихатталып жүргені бар. Қазіргі таңда көрме-жәрмеңкелер аясы ұлттық бірегей әшекей, шапан, бұйымшыз өптейді. Бұған зергерлер дән риза. Ұлттық сапаныз брендке айналдырып жүрген қыз-жігіттерді көргенде көз сүйсініп, көңілдің маржатыны рас. Ұлттық құндылыққа негізделген зергерлік бұйымға қатысты биік ұстаным сақталса екен.

Суретті түсірген Жаңгелді ӘБДИГАЛЫМ

Еске алу

Ұлағатты ұстаз, өнегелі ана, сүйікті апамыз Роза Беймбетқызы АЙМҰРЗИНАНЫҒЫң фәни дүниеден бақилыққа аттанғанына 1 жыл уақыт болды.



1935 жылдың 21 тамызында Роза Беймбетқызы Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданында кіші жүздің Әлім руынан шыққан әскери қызметкер Беймбет Байекеұлы Аймурзин отбасында дүниеге келген. Отбасының тұңғыш баласы. Одан кейін үш ер бала, бір қыз туған. Әкесі Беймбет Байекеұлы Аймурзин Ақтоғай ауданы ішкі істер органының бастығы қызметін атқарды. Анасы Зайтуна Хафизқызы үйде бала тәрбиесімен айналысқан. Әкесі 1947 жылы жүрек ауруынан Ақтоғай ауданында қайтыс болған. Кейін отбасы Қарағандыға көшіп келіп, балалары өсіп, оқып, ержеткен.

Роза Беймбетқызы Қарағандының пединститутын қызыл дипломмен аяқтап, Ақшатау кентінде қазақ мектебінде орыс тілі пәнінен сабақ берген. Тұрмысқа шығып, төрт баланы дүниеге әкелген. Жұбайы Бағдат Хамитжанов Ақшатау комбинатында директордың орынбасары қызметін атқарған. 1971 жылы жұбайы мезгілсіз қайтыс болып, Роза төрт баласымен Балқаш қаласына туыстарының жанына көшіп барды. Анасы, бауырлары, сіңілі бәрі жұмылып, балаларын өсіріп жеткізуге көмектесті. Балаларының бәрі оқып, білім алып, әрқайсы үлкен азамат болып, қызмет атқарып жатыр. Бәрінің де отбасы, балалары бар. Роза Беймбетқызының 8 немересі, 7 шөбересі бар.

Роза Беймбетқызы 40 жылдан астам саналы ғұмырын ұстаздыққа арнаған. Соңғы жылдары Н.Нұрмақов атындағы мектеп-интернатта қызмет етті. Республикамыздың «Халық ағарту қызметінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. «Тыл еңбеккері» мәртебесінде.

Құрметті де, сүйікті апамыз, анамыз, әжеміз Роза Беймбетқызы мәңгі есімізде сақталады.

Иманы жолдас болып, Алланың рахметінде, Пайғамбарымыздың шапағатында болсын! Өумин!

Сағынып еске алушылар: Аймурзиндер, Хамитжановтар, Арпановтар, Кензиковтер, Қасимовтар.

№91

ҚАЙЫРМДЫЛЫҚ

Қанға сіңген қасиет

Қайырымдылық – қазақтың қанында бар қасиет. Жасаған жақсылығын өзіне еселеп қайтып оралатыны тағы бар. Осы орайда қарағандылық Отбасын қолдау орталығы ерекше балалар мен олардың аналарына мерекелік көңіл күй сыйлады.

Нақтырақ айтсақ, Отбасын қолдау орталығы ерекше балаларға арналған мереке ұйымдастырып, оларға ойыншықтар сыйлап, ойындар ойнатты. Өздері де қосылып, би билеп, ән шырқалды. Сонымен қатар, демеушілердің атынан тәтті дастарқан ұйымдастырып, бір дастарқан басынан табылды.

Ерекше қажеттілікті талап ететін балалардың аналары да назардан тыс қалмады. Оларға балаларына күтім жасау үшін кір жууға арналған қажетті заттар мен жөргектер сыйға тартылды.

Әсіресе, аталған шарадағы Те Ато Dance би студиясынан келген мамандардың бачата биі бойынша тегін шеберлік сабағы оларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Қайырымдылық акциясына 30-ға жуық отбасы қатысты.

Біздің орталық көпбалалы аналарға, ерекше балалары бар аналарға, жалғызбасты аналарға, қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларға көмек қолын созып келді. Наурыз мейрамы қарсаңында балалар мен олардың аналарына жақсы көңіл күй сыйлап, оларды сыйлықтармен қуантқымыз келді. Сонымен қатар, аналар үшін тегін бачата шеберлік сыныбы ұйымдастырылды. Осындай шеберлік сабақтарын айына екі рет өткізуді жоспарлап отырмыз, – деді Отбасын қолдау орталығының әлеуметтік көмек бөлімінің қызметкері Зәмзәгул Мамалинова.

Өз тілшімізден

Advertisement for tires (ШИНАЛАР) with contact information for a dealer in Karagandy.

Advertisement for KazTransOil services, including fuel stations and maintenance.

Advertisement for ESKERTYU (ЕСКЕРТУ) services, including tire sales and maintenance.

Advertisement for XALYQTYŃ, KÄSIPORYNDARDYŃ, ҰЙЫMDARDYŃ, SHARUA QOЖALYQTAPAPЫHYŃ NAZAPRYHA (Халықтың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, шаруа қожалықтарының назарына) with contact information.

Advertisement for Karagandy region audit and control department.

Advertisement for Ortalyk.kaz @mail.ru contact information.

ФОТОЭТЮД



Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Ән қалықтап, күй төгілген күн

Биылдан бастап Мемлекет басшысы елдің барлық өңірінде Наурыз мерекесін жаңа форматта өткізуді ұсынды. Арнайы мерекелік логотип бекітіліп, Наурыз мейрамы 10 күн тойланатын болды. Осы мақсатта өңірде Наурыз мерекесі ауқымды түрде тойланды. Сондай айтулы шаралардың бірі Қарағандыдағы Global City сауда орталығында өтті. Қали Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігінің «Мерей» ансамблі қала тұрғындарына мерекелік көңіл күй сыйлап, әннен шашу шашты.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Сауда орталығына келушілердің санында шек жоқ. Алып ғимарат ішін ән қалықтап, күй тербегенде, жұрт сол маңға жиылды. Онерпаздардың өнерін тамашалап, қошемет көрсетті.

Ансамбль ұжымының әншісі Ербол Алшынбаев шара шымылдығын «Сүйініші» әнімен ашты. Мәдениет саласының үздігі Гүлмира Серікқызы мейрамның гимні болып кеткен «Наурыз» әнін, Қуат Дүйсенов «Қазақ дәстүрлері» әнін орындады. Сонымен қатар, Кристина Рақша, Медеу Шырманов, Әсел Қарабаева сынды ансамбль әншілері де ән шырқап, көптің қошеметіне бөленді.

Қала тұрғыны Күләш Таужанова сауда орталығына отбасымен келіпті. Мерекеге орай ұйымдастырылған шараға көрермен ретінде қатысып, ансамбль мүшелерінің өнерін тамашалады.

– Баршаңызды Наурыз мейрамымен



құттықтаймын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Наурыз мейрамын он күндік бағдарлама аясында атап өту мақсатында ұйымдастырылған шаралардың қатары көп екен. Үлкен сауда орталығында белді әншілеріміз көпшілікке әннен

шашу шашып жатыр. Бәрі осы маңайға жиылды. Көңіл күйіміз бір көтеріліп қалды, – деп, көңіл күйімен бөлісті.

Әйгілі жаяу Мұсаның «Ақ сиса» шығармасын Людмила Проппишян аса шеберлікпен скрипка аспабында ойнады. Ансамбль мүшесі Сергей Стефанович

та саксофон аспабымен көңілді әнін көпшілік назарына ұсынды. «Мерей» триосы да «Отырардағы той» әнін орындап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Суретті түсірген автор

МЕРЕЙ

Дуалы ауыз драматургтің жеңісі



Астанада «Ауыл» партиясының ұйымдастыруымен республикалық бата беру сайысы өткен болатын. 100-ге жуық қатысушылар арасында қоғам қайраткерлері, еңбек ерлері, ақсақалдар да кездеседі. Арқанды қатысқан тұлғалар арасында жерлесіміз, актер, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ҚР еңбек сіңірген әртісі Кеңес Жұмабеков бар. Театр тарланы әрі баталы ақсақал сайыста II орынды жеңіп алды.



Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазылар алқасының пікірінше, жолданған баталар бір-біріне ұқсамайды әрі берілу тәртібі ерекше. Қатысушылардың кейбірі бата беруде терең мағыналы сөзімен таң қалдырса, басқалары қызықты сүйемелдеумен, ерекше бейнероликпен есте қалған. Ең әсерлі хабар 102 жастағы әжеден келіпті.

– Бата – салт-дәстүріміздің маңызды бөлігі. Ежелден аға ұрпақ айтатын сөздің құдіретіне сенгенбіз. Халқымыздың салт-дәстүрін жаңғырта отырып, Наурыз мерекесі қарсаңында «Ауыл» партиясы «Батамен ел көгерер» республикалық байқауын ұйымдастырды. Ұлыстың Ұлы күні қарсаңында халқымыздың сан ғасырлық бата дәстүрін жаңғырттық. Жаңа мазмұнмен толықтыра отырып, қазіргі кезең аясында бата сөз жанрының дамуына үлес қостық.

Бір айдың ішінде әлеуметтік желілер арқылы еліміздің түпкір-түпкірінен қарияларымыздың баталы сөздерінің бейнежазбалары келіп түсті. Қатысушыларға «Жаңа Қазақстан, әділетті қоғам, жас ұрпақты тәрбиелеу, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік» тақырыбындағы жаңа

мазмұндағы бата сөздерін түсіндірумен қатар, өзіндік түпнұсқа мәтінін құрастыру мүмкіндігі ұсынылды. Кеңес ақсақалдың ерекше бата беру үлгісі көпшіліктің таңдауына түрткі болды, – деді «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы Қарағанды облысы бойынша филиалының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Серғазы Әдікенов.

Марапаттау салтанатында сахнада құрметтелген Кеңес Жұмабеков өзін қошеметтеген көрерменге алғыс білдірді.

– 76 жасқа келгенде өмірден түйгенімді жинақтап, жазудамын. Халқыма, келер ұрпаққа айтар тілегім бар. Соны көркем түрде жеткізейін деп шештім. Бата беріп, бейнетсіздігімді түрінде республикалық сайысқа жолдадым. «Ауыл» – бұл қазақ. Қазақ десе ауыл еске түседі. Еңбегімді елеген «Ауыл» партиясына алғыс білдіремін, – деді Кеңес Жұмабеков.

Айта кеткен жөн, Кеңес Нарымбайұлы республикада драматург ретінде танымал. «Замана неткен тар еді», «Қаздауысты Қазыбек би», «Ата парызы», «Адақсандар» пьесаларының авторы.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Тату елдің тағамы тәтті

Территориямыздың үлкендігі, жер бедерінің алуан түрлілігі, ауа райы мен өмір салтының ерекшеліктеріне сәйкес әр өңірдің тамақ мәзірінде айырмашылықтардың болуы заңды. Орталық болсақ та, көкөністен де, балықтан да бас тартпаймыз. Жемістер, науат, тары қосылған шай да таңсық емес қазір.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазақ халқының ас мәзірінің қалыптасуына көшпелі өмір салты, біртіндеп отырықшылыққа ауысу, шаруашылық пен тұрмыстағы айтарлықтай үлкен өзгерістер әсерін тигізетіні анық. Десе де ұлттық тағамдар тұтас Қазақстан үшін ортақ. Ол – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ерекшелігіміз.

«Астан үлкен емессің» дегенінен-ақ қазақ халқының асты жоғары бағалап, қадірлегенін аңғару қиын емес. Яғни, қазақ халқы үшін дастарқаннан үлкен нәрсе жоқ. «Таспен ұрғанды аспен ұр» деген даналық та халқымыздың ел мен елді татуластыруды мұрат етіп, өздерінің мырзалығы мен мәрттігін кең дастарқаны арқылы көрсеткенін білдірсе керек. Қазақтың ұлттық тағамы дегенде ет, бауырсақ, құрт-май, тары-талқанды бірінші айтамыз. Бірақ ұлттық тағамдарымыз мұнымен шектелмейтіні сөзсіз.

Ата-бабамыздың негізгі асы – ет. Сүттен де көп тағам түрлері дайындалған. Мәселен, құрт, айран, қаймақ, ірімшік,

май, шұбат, қымыз, қымыран, тағы да басқа тағамдар. Қазақ әйелдері тағамдарды жазда да, қыста да бұзбай сақтаудың әдіс-тәсілдерін жақсы білген. Мысалы, бабы келіскен қымыз алу – үлкен өнер.

Дегенмен, уақыт сырғып, заман алмасқан сайын өзгеріп, басқа ұлттардың тағам түрлерімен танысып, араласа бастағанымыз рас. Ұмыт болып бара жатқаны да қаншама?! Оларды Наурыз мерекесінде ғана емес, жыл он екі насихаттауға еш кедергі жоқ. Осыдан бірнеше жыл бұрын «Қазақтың рафаэллосы» аталып ірімшіктер сатылымға шықты. «Ұлт дөмі», «Құртафелло», «Қазақ хауыс» деген атаулармен еліміздің түпкір-түпкіріне таралды. Ірімшіктің ағы, қоңыры бүгінде бәрі беледі, кәдімгі брендке айналған.

– Қыста қатпайды, жазда бұзылмайды. Бұрындары оларды әжелеріміз үйде дайындайтын болса, қазір кәдімгідей брендке айналған. Кәсіпкерлер оны әрлеп, «Қазақтың рафаэллосы» деген атау берген, – дейді «Алтын арба» сауда үйінің Нұржамал есімді сатушысы.

Көзін тапқанға ұлттық тағамдар – табыс әкелер кәсіп. Тағамның кез келген



Суретшілік деректен

түрін бизнес көзі етуге мүмкіндік бар.

Талқаннан жент жасап, кәсібін жүргізіп отырған Гүлнұр Өміржанқызы оны саудаға шығарма бұрын, үйде жасап жүргенін айтады.

– Әлеуметтік желі бұл істі бастауға себеп болды. Балаларыма әзірлеген жентке тапсырыс түсе бастады, осылайша саудаға ұласып кетті. Кішкентайымнан аманның жанында

жүріп, бидай қуырып, оны кол диірменінен өткізіп, жент жасауды үйрендім. Ерте жастан үй шаруасына араласқан соң, ұлттық тәттілерді әзірлеу еш қиындық тудырмады. Сондықтан тапсырыс көп түсе бастағанда, күн-түн демей бірден білек сыбана кірісіп кеттім. Бұл істе отбасым мен жақындарымның қолдауы зор болды, – дейді ол.

Дәл қазіргі уақытта тарыдан жасалған

чизкейктер де үлкен сұранысқа ие болуда. Бидай ұнының орнына талқан, салмасына қаймақ қосылған тары пайдаланылады. Әлеуметтік желіде «хит» болып тұрған өнім. Оны дайындап та, әзірлеу әдісін үйрету арқылы да табыс табуға болады.

Ысталған қазы-қарта, қаптамалардағы құрт-ірімшік, қымыз бен шұбат, тағысын тағы. Ұлттық тағамдардың заманауи үлгідегі сан түрі сөреде самсап тұр. Базар, дүкен, ірі сауда орындары дейсіз бе, таңдау өзіңізді. Мысалы, бір ғана құрт өнімін алайық. Оның жиырмаға жуық түрі бар. Көлемі, дәмімен түрленеді. Қаласаныз, қызыл бұрышпен, түрлі дәмдеуіштермен, тіпті, райхан гүлі қосылғаны бар. Ұлттық тағамдарымызды табиғи дәмін сақтай отырып, насихаттау маңызды. Адам жаны мен тәнінің саулығы дұрыс және сауатты тамақтануына тікелей байланысты. «Ас – адамның арқауы» дегенді айтқан қазақ «Ауру – астан» екенін де ескерткенін ұмытпаған жөн.

Оқырмандар есіне!
Газеттің келесі саны 28 наурыз, бейсенбі күні шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісулы
ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерлер: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтинс, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.kz.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонна хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KZJVBZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 485

№ 33 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің көпмәтерілік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Салтанат ШИЯШ**